



22 қараша, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

2 Шетелдік байқаушылардың оң бағасы

4 Құжат

6 Катар – 2022: Алғашқы ойын 0:2



6 Күш атасын танымас



ХАЛЫҚ СЕНІМІ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ



Қасым-Жомарт Тоқаев Республикалық қоғамдық штабқа барып, кезектен тыс президент сайлауындағы «Ашық қоғам» аймақтық зерттеулер халықаралық институты жүргізген Exit-poll-дың қорытындысымен танысты.

Exit-poll-дың нәтижесі жарияланғаннан кейін Республикалық қоғамдық штаб мүшелерінің алдында сөйлеген сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін ерекше, тарихи науқан өткенін атап өтті.

– Бұл науқанның біздің тарихымызда қалатыны сөзсіз. Exit-poll-дың алдын ала нәтижесі шықты. Әрине, ресми қорытындыны күтеміз. Дегенмен қазірдің өзінде халқымыз маған Президент ретінде және баршаңызға үлкен сенім артты деп айтуға болады. Халықтың сенімі – ең құнды нәрсе. Сондықтан халықтың сенімін бәріміз ақтауымыз керек. Бүгін, міне, 21 қарашадан бастап бәріміз жұмысқа кірісуіміз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар мықты мемлекет құрамыз десек, ең алдымен, әділдік орнату қажет

екенін, онсыз ешқандай да реформа болмайтынын айтты. Оның айтуынша, бәріміз бір ұлт, бір қоғам болып іске кірісуіміз қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев өзіне үлкен сенім арқаны үшін коалицияға ризашылығын білдірді.

– Қоғамдық штабқа, сенімді өкілдеріме, еріктілерге рахмет айтамын. Сіздер еліміздің әр түрлілері бардыңыздар. Ауыл-аймақтар, шалғай елді мекендер назардан тыс қалған жоқ. Ел арасында үгіт-насихат жүргіздіңіздер. Бұл – үлкен жұмыс. Оны мен ешқашан ұмытпаймын. Сол себепті бүгінгі көрсеткіш – бәрімізге ортақ жеңіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Оның пікірінше, сайлау заңға сәйкес өтті. Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткерлерге бірдей мүмкіндік берілді.

– Олар аймақтарды емін-еркін аралады. Сайлаушылармен кездесіп, үгіт-насихат жүргізді. Яғни ешкімге шектеу қойылған жоқ. Әрбір сайлаушыға өз тандауын жасауына еркіндік берілді. Сондықтан бұл науқан ерекше әділ, ашық өтті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент сайлауы жаңа саяси дәуірге жол ашатынын айтып, алдағы уақытта басты билік институттары түгел жаңғыртылатынын жеткізді.

– Конституциялық реформаны толығымен және нақты жүзеге асырамыз. Еліміздің саяси құрылысын жаңа қалыпқа түсіреміз. Экономиканы түбегейлі өзгертеміз. Халқымыздың әл-ауқатын арттырамыз. Соның бәрін ойдағыдай атқару үшін бізге бірлік керек. Сондықтан әрдайым бірге болайық! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сөзінің соңында ол іс-шараға қатысушыларды Жана, Әділетті Қазақстанды бірге құруға шақырып, бақ-береке тіледі.

ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ: АЛДЫН АЛА ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Кеше сайлаушылардың келуі қорытындылары және Қазақстан Республикасы Президентін кезектен тыс сайлауда дауыс берудің алдын ала қорытындылары туралы ҚР ОСК брифинг өтті.

2022 жылғы 20 қарашада өткен Қазақстан Республикасы Президентін кезектен тыс сайлауда дауыстарды санау нәтижелері туралы облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен Астананың сайлау комиссиялары хаттамаларының электрондық көшірмелері негізінде дауыс беруге 8 300 046 адам қатысты. 2022 жылғы 20 қарашада сайлаушылардың келуі 69,44% құрады. Өңірлер бөлінісінде:

Абай облысы	80,18%
Ақмола облысы	78,87%
Ақтөбе облысы	72,81%
Алматы облысы	72,10%
Атырау облысы	70,87%

Батыс Қазақстан облысы	68,67%
Жамбыл облысы	79,57%

Жетісу облысы	81,42%
Қарағанды облысы	78,39%
Қостанай облысы	79,28%

Қызылорда облысы	81,07%
Маңғыстау облысы	66,99%
Павлодар облысы	77,58%

Солтүстік Қазақстан облысы	79,01%
Түркістан облысы	80,37%
Ұлытау облысы	75,48%
Шығыс Қазақстан облысы	79,49%
Астана қаласы	48,67%
Алматы қаласы	28,72%
Шымкент қаласы	59,79%



20 қарашада ОСК-да сайлаушылардың келуі бойынша барлығы 9 брифинг өткізілді. Барлық ақпарат мүмкіндігінше тез ұсынылып отырды.

Сайлау бюллетеніне Қазақстан Республикасының Президентігіне 6 кандидат және «Барлығына қарсы» деген баған енгізілді. Дауыс беру кезінде Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттар және «Барлығына қарсы» бағаны мынадай дауыс санын жинады:

Абден Қ.Ж.	206 206	2,60%
Әуесбаев Н.С.	176 116	2,22%
Дайрабаев Ж.М.	271 641	3,42%
Қажыкен М.З.	200 907	2,53%
Тоқаев Қ.К.	6456392	81,31%
Тұрсынбекова С.П.	168 731	2,12%
Барлығына қарсы	460 484	5,80%

Дауыс беру күні сайлау рәсімдерін Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттардың 11 мыңнан астам сенім білдірген адамы, шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың 641 байқаушысы, саяси партиялардан 15,5 мың байқаушы, қоғамдық бірлестіктерден 30 мыңнан астам байқаушы байқады.

Сондай-ақ, сайлау учаскелеріне қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының 1225 өкілі, 23 елден 41 шетелдік БАҚ өкілін ұсынатын 106 аккредиттелген журналист қатысып, сайлау барысын жариялады.

Орталық сайлау комиссиясының, аумақтық сайлау комиссияларының атына ресми түрде келіп түскен және келіп түсеудегі барлық өтініштер заңнамада белгіленген тәртіппен қаралатын болады және олардағы мәліметтер расталған жағдайда олар бойынша заңнамада көзделген шаралар қабылданатын болады.

ТАРИХИ ТАҢДАУ

Тәуелсіздік алғалы бері елде жеті рет, яғни, 1991, 1999, 2005, 2011, 2015, 2019 және 2022 жылдары Президент сайлауы өтті. Ел жылнамасында биылғы жылдың 20 қарашасы да ерекше оқиғамен есте қалары анық. Өйткені көпшілік бұл додаға белсенді қатысты. Сыр елі дауыс беру жөнінен республика бойынша өңірлер арасында екінші орында тұр.

2-бет

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТТАРЫ КЕЛІП ТҮСТІ

Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына қайта сайлануына байланысты Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің құттықтау жеделхаты келіп түсті.

«Сіз отандастарыңыздың зор сеніміне ие болдыңыз. Бұл сенім мандаты мемлекетті дамытуға бағытталған. Сіздің бастамаларыңызды жүзеге асыруға жаңа мүмкіндіктер береді. Елдеріміз арасындағы дәстүрлі достыққа, тату көршілік қарым-қатынасқа және өзара құрметке негізделген стратегиялық серіктестік пен одақтастық табысты дамып келеді. Ынтымақтастығымызды одан әрі бірге ілгерілете береміз», – деп жазылған жеделхатта.

Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына қайта сайлануына байланысты Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің құттықтау жеделхаты келіп түсті.

«Сайлаудағы айқын жеңісіңіз Қазақстан халқының Сізге деген сенімін және Өзіңізді толық қолдайтынын білдіреді. Сіздің бірегей басшылығыңызбен еліңізді реформалауға бағытталған барлық бастамаларыңыз табысты болатынына және Жаңа Қазақстанды құру ісі ілгерілейтініне сенімдімін. Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ерекше

мән беремін және дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толған уақытта сіздермен бірге мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық серіктестіктің жаңа кезеңіне қадам басуға дайынмын», – деп жазылған жеделхатта.

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен телефон арқылы сөйлесті. Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев Қасым-Жомарт Тоқаевты кезектен тыс Президент сайлауындағы айқын жеңісімен құттықтады.

Өз кезегінде Қасым-Жомарт Тоқаев Бакуге ресми сапары кезінде қол жеткізген уағдаластықтар екіжақты қарым-қатынасты жан-жақты нығайтуда басты бағдар болатынын атап өтті.

Мемлекеттер басшылары сондай-ақ қазақ-әзербайжан стратегиялық серіктестігін одан әрі дамыту жөніндегі бірлескен міндеттерді талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті. Режеп Тайип Ердоған Қасым-Жомарт Тоқаевты кезектен тыс Президент сайлауындағы айқын жеңісімен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президентінің құттықтауы мен ізгі тілектері үшін шынайы алғысын білдіріп, бұған дейін қол жеткізілген

келісімдер мен уағдаластықтардың маңызды екенін атап өтті.

Тараптар бауырлас елдердің ортақ мүддесіне сай келетін тың бастамаларды жүзеге асыруға дайын екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенкомен телефон арқылы сөйлесті.

Беларусь Президенті Александр Лукашенко Қасым-Жомарт Тоқаевты кезектен тыс Президент сайлауындағы сенімді жеңісімен құттықтады.

Мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Беларусь арасындағы ынтымақтастықтың, стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың қазіргі жағдайы мен одан әрі нығайту перспективаларын талқылады.

Сонымен қатар тараптар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровпен телефон арқылы сөйлесті.

Садыр Жапаров Қасым-Жомарт Тоқаевты Президент сайлауындағы сенімді жеңісімен құттықтап, жоғары мемлекеттік қызметіне табыс тіледі.

Мемлекет басшысы құттықтағаны үшін Садыр Жапаровқа ризашылығын білдіріп, Қырғызстанмен арадағы көпжақты қарым-қатынасты одан әрі нығайта беретініне ниетті екенін жеткізді.

Әңгімелесу барысында тараптар қазақ-қырғыз стратегиялық серіктестігі мен одақтастығы қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасының кезектен тыс Президент сайлауындағы айқын жеңісімен құттықтады.

Мемлекет басшысы бүгінде екі ел арасындағы қарым-қатынас қарқынды дамып келе жатқанын және стратегиялық серіктестік деңгейіне толық сай келетінін атап өтті.

Президенттер қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігі мен одақтастығының қазіргі жағдайын және даму перспективаларын талқылады. Сондай-ақ алдағы кездесулердің кестесін қарастырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмонмен телефон арқылы сөйлесті.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасының кезектен тыс Президент сайлауындағы айқын жеңісімен құттықтады.

Мемлекеттер басшылары келесі жылдың басында екі елдің арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағанына 30 жыл толатынын атап өтті.

Тараптар Қазақстан мен Тәжікстан халықтарының игілігі жолында ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайын екенін жеткізді.

Сонымен қатар президенттер халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

БАСПАСӨЗ – 2023

Құрметті оқырман

2023 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде. Қапы қалмаңыз!

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін:
6 айға – 3500 теңге.
Мекемелер үшін:
6 айға – 4500 теңге.





ТАРИХИ ТАҢДАУ

Жексенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Әли Мүсілімұлы атындағы №101 мектеп-лицейде орналасқан №263 сайлау учаскесіне барып, дауыс берді. Саяси шарада қала тұрғындарымен бірге өз таңдауын жасады.

– Бүгін – еліміз үшін ерекше күн. Мемлекетіміздің жарқын болашағын айқындайтын бұл күнде әрбір азаматтың дауысы маңызды. Жерлестеріміз ел келешегі үшін бірлік танытып, өз таңдауын жасайтынына сенімдімін, – деді облыс әкімі.

Аталған сайлау учаскесі таңғы жетіден өз жұмысын бастады. Онда барлығы 2883 сайлаушы тіркелген. Сондай-ақ сайлау учаскесінде келушілерге арналып барлық жағдай жасалған. Дауыс берушілерге ұлттық дәм – бауырсақ пен шұбат ұсынылып, мерекелік көңіл-күй сыйлау үшін патриоттық әндер шырқалды. Бұның бәрі халыққа әдемі әсер сыйлағаны анық. Алғашқы болып дауыс бергендерге естелік сыйлықтар да табысталды.

– Тұрғындардың белсенділігі аса жоғары. Кезектен тыс Президент сайлауында учаске бойынша тіркелген азаматтар саналы түрде өз дауыстарын беруде. Біз ең қарт, ең жас сайлаушымызға және бірінші дауыс берген тұрғынға арнайы көзdesiйлар тарту еттік. Сондай-ақ толық құраммен келген отбасыларға сыйлық, балаларға ойыншықтар берілді. Тағы бір айта кететін нәрсе, бізде жылжымалы сайлау жәшігі жұмыс істеді. Оған 18 адам өтініш берген. Бұл бойынша тұрғындардың үйіне барып, өз таңдауын білдіруге көмектестік, –

1-бет



Суретті түсірген Б.ЕСЖАНОВ

дейді №263 сайлау учаскесінің төрағасы Айгүл Өткелбаева.

Ал мұнда байқаушы болып отырған Мұхтар Жұмаш келушілердің сайлауға аса жауапкершілікпен қарағанын айтады.

– «Жастар үні» республикалық қоғамдық бірлестігі атынан сайлау барысын көріп отырмын. Жергілікті тұрғындар белсенділікпен өз таңдауларын жасауда. Дауыс

берушілердің келу қарқыны да аса жоғары. Әсіресе, жастар легін көптеп көруге болады. Бұл сайлау учаскесінде барлығы талаптарға сай

өтуде. Ешқандай заң бұзушылық орын алған жоқ. Сайлаушылардың да көңіл-күйі өте жақсы екені көрініп тұр, – дейді ол.

Айта кетейік, аймақта 373 учаске бар. Онда 482934 дауыс беруші тіркелген. Сондай-ақ орталық сайлау комиссиясы ұсынған дауыс берушілердің келу туралы деректеріне сәйкес, тізімдегі облыс тұрғындарының 81,07 пайызы саяси науқанға қатысыпты. Бұл – республика бойынша жоғары нәтиже.

**Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»**

Қызылорда қаласындағы №278 мектепте №349 және 354 сайлау учаскелері орналасқан. Сайлау учаскелерінде халықтың дауыс беру қарқыны жоғары екенін аңғардық. Біз барған сәтте аталған аумақта таңдау жасауға мүмкіндігі бар азаматтар өз дауыстарын беріп жатты.

“БЕЛСЕНДІЛІК БӘРІМІЗ ҮШІН МАҢЫЗДЫ”



Солардың бірі – еңбек ардагері Бибимария Әлиханова.

Ол кісі алғашқылардың қатарында сайлауға келіп, өз таңдауын жасады.

– Мен әрдайым мұндай маңызды шараға белсене қатысамын. Биыл да сол дағдынан жаңылған жоқпын. Сайлауға ертерек келіп, өз таңдауымды жасадым. Мен еліміздің ертіне сенемін. Жастардың болашағы жарқын болсын деп тілеймін. Жерлестерімді сайлауға белсене қатысуға шақырамын, – деді ол.

Білім ошағында орналасқан №349 сайлау учаскесінде 2764, №354 сайлау учаскесінде 2754 сайлаушы тіркелген. Олардың басым көпшілігі өз таңдауын жасады.

ШЕТЕЛДІК БАЙҚАУШЫЛАРДЫҢ ОҢ БАҒАСЫ

Қызылорда қаласындағы Б.Ермекбаев атындағы №271 орта мектепте №347 және №358 сайлау учаскелері орналасқан.

Сайлау учаскесінің төрағасы Данабек Жақсылықұлының айтуынша, сағат 9-дан соң тұрғындар көптеп келе бастаған. Медицина саласының ардагері Үсен Мақажанұлы отбасымен бірге келіп таңдау жасады.

– Сайлауға қатысу – әрбір ел азаматының міндеті. Мен бүгін балаларыммен бірге келдім. Өз таңдауымды жасадым. Елдің жарқын болашағына сенемін. Еліміз аман, бейбіт заман болсын! – деді ардагер.

Ал қала тұрғыны Әбіш Есенбай сайлауға алғаш рет қатысты. Тамыз айында 18 жасқа толған ол, бүгінде жас шаңырақтың иесі екен. Байқаушы Қаракөзайым Амангелді сайлауды өз тәртібіне сай өтіп жатқанын айтады.

Сайлау учаскесіне шетелдік байқаушылар Marcin Richard және Brunilouise Julia келіп сайлау барысын бақылады. Олар учаскеде жарты сағатқа жуық жұмыс істеп, сайлаудың өз заңдылығына сәйкес жүріп жатқанын атап өтті. Бұл аймаққа 2856 сайлаушы тіркелген. Олардың 1645-і дауыс берді.

№358 сайлау учаскесінде де дауыс беруге тұрғындар белсенді қатысты.

– Біздің учаскенің жұмысы басталғаннан кейін алғаш болып Ғани Әбеннов есімді азамат келді. Ол өз дауысын беріп, сый-сияпат иеленді. Одан бөлек, ең үлкен, ең жас сайлаушыларымыз да келіп, таңдау жасады. Қариялар бата берді, – деді сайлау учаскесінің төрағасы Шара Рахменова.



Кезектен тыс сайлауға аталған мектептің ата-аналар комитетінің төрағасы Қуандық Ахметов келіп, өз таңдауын жасады. Одан соң Мұрат Батырбеков отбасымен келіп, дауыс берді. Қала тұрғыны Нұржан Жүрсінбай сайлауға алғаш рет қатысты.

– Кәметел жасқа толып, сайлауда өз таңдауымды жасадым. Шынымды айтсам, ерекше сезім екен. Ел экономикасының

дамуы жолында мен де өз таңдауымды жасағанымға қуаныштымын, – деді ол.

Таңда басталған сайлауға тұрғындар белсенді қатысты. Одан бөлек, аталған сайлау учаскесінде арнайы көрме ұйымдастырылды. Мұнда тіркелген 2577 сайлаушы бар. Олар – Қорқыт ата және “Бәйтерек” шағын ауданының тұрғындары. Нәтижесінде 1608 сайлаушы таңдау жасаған.

СЕНІМ – МЫҚТЫ ТІРЕК

Қызылорда қаласындағы №264 сайлау учаскесінде жалпы 2670 сайлаушы тіркелген. Сайлау учаскесінің төрағасы Бек Тұмырзаевтың айтуынша, сайлау учаскесі таңғы 6-дан бастап өз сайлаушыларына есігін ашты.

– Таңертеңгі сағат 6-дан 7-ге дейін байқаушыларды тіркеу жұмыстары жүргізілді. Онан соң мемлекеттік Әнұранымыз шырқалып, алғашқы сайлаушыларымыз өз таңдауын жасады. Жалпы бұған дейінгі сайлауларда да, референдум кезінде де біздің учаске тұрғындары жоғары белсенділік көрсетіп келеді, бұл жолы да солай болатынына сенеміз, – деді сайлау учаскесінің төрағасы.

Шынында, сайлау учаскесіне ағылып келіп жатқан сайлаушылар

легі көп болды. Күндізгі сағат 11.10-да 1004 сайлаушы дауыс беріп үлгерді. Алғашқылардың бірі Өткелбай Шманұлы ақсақал ел үшін, халық үшін маңызды саяси науқанның сәтті өтуіне, абыроймен аяқталуына тілектестігін білдіріп, ақ батасын берді. Ал 18 жасқа енді толған Ақмарал Жеткерғенова алғаш рет сайлауға қатысып, өз таңдауын жасады. Сонымен бірге Айдын Айбеков есімді жігіт жұбайы, балла-шағасымен бірге келіп, дауыс беріп, үлгілі отбасы ретінде танылды. Бұлардың бәріне сый-сияпат табысталды.

Сайлау учаскесінің маңайы мерекелік көңіл-күйге бөленген. Ән әуелеп,



тұрғындар мерекеге келгендей қуанышты күйде.

Кешкі сағат 19.00-дегі мәлімет бойынша, сайлаушылардың 60 пайызға жуығы қатысып, өз таңдауын жасады. Сайлау учаскесі төрағасының айтуынша, таңертеңнен түске дейін белсенділік жоғары болған, яғни, түске дейін көптеп келген. Жалпы 7 адам үйден дауыс беруі керек болған, бірақ тағы екі сайлаушы үйден таңдау жасауға өтініш берген. Байқаушыларды қатыстыра отырып, олардың өтініштері орындалды.

Жалпы нақты дерек бойынша учаскеге қарасты сайлаушылардың 56,5 пайызы өз таңдауын жасаған.

«СБ» ақпарат

ПІКІР-ПАЙЫМ

БІРЛІГІ БЕКЕМ ХАЛЫҚТЫҢ ІСІ БЕРЕКЕЛІ



Елімізде сайлауға қатысты нақты көзқарас, ықтиярлы қатысу қалыптасты. Әр азамат өзінің бүгінгі таңдауы арқылы болашақты айқындайтынын жақсы түсінеді.

Сондықтан кешегі сайлау науқанында халық бірауыздылығын таныта білді. Біздің аймағымыз дауыс беру қорытындысында Жетісу облысынан кейінгі орынға шықты.

Бұл сырбойылықтардың саяси сауаттылығымен бірге ынтымақ-бірлігін, өзінің алдағы жеті жылын Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге болуға бел байлаған ұйымшыл ұстынын көрсетті.

Әділетті Қазақстан құру ісіне ынтымақ Президенттің сайлаудың уәдделерінің орындалуына барынша қолдау білдіретінін сайлау қорытындысында дәлелдеп берді.

Әрбір қазақстандық еркін азамат қатарында сайлау күні өз дауысымызды бердік. Жарқын болашақ үшін, жаңа дәуір дамуындағы жақсы бастамалардың іске асуы үшін, халқымыздың берекелі тірлігі, еліміздің бұзылмас бірлігі үшін дауыс бердік.

Сайлаудың маңызы – жәшікке қағаз қосу, белгі соқтыру емес, әрбір адамның өзіндегі зор жауапкершілік жүгін сезінуі. Сайлау тіректеріне келіп жатқан жұртшылықтың жүзіндегі сенім нышаны олардың әрқайсының көңілінде осындай мақсат бар екенін аңдатады.

«Біздің бір ғана мақсатымыз бар. Бұл – Әділетті Қазақстанды құру. Шындығын айтқанда, елімізде әлеуметтік салада, экономика мен саясатта көптеген жүйелі мәселе қордаланып, азаматтардың мемлекет пен билікке деген сенімсіздігі арта түсті. Бұл мемлекетіміздің тұрақты дамуын тежейді, ұлттың жасампаздық мүмкіндіктерін шектейді. Сондықтан мемлекеттік саясатымызда әділеттілік идеясы ең маңызды болуы тиіс» деген болатын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Халық осы шындыққа тоқтады, әділеттілік жолын таңдады. «Әділетті Қазақстан: біріміз және әрқайсымыз үшін» бағдарламасын таныстырғанда Президент «Адам мемлекеті үшін емес, мемлекет адам үшін» деген формуланы берік ұстанатындығын айтты.

Халықтың еңбек етіп, бейнетіне сай зейнетін көріп, бейбіт, бақытты өмір сүргісі келеді. Ендеше, мемлекет бұл жолға бар мүмкіндігін арнауы тиіс. Ел басшысы осы бағытты ұстанып отырғанда оған бір қолдың саласындай қолдау көрсетуіміз қажет. Себебі, сырттан келетін де, іштен шалатын да сын-қатерлердің барын ешкім де жоққа шығармайды. Мемлекет басшысының прогрессивті реформалары төңірегінде біріккен халық қуаты ондай тосқауылдарды жеңіп шығатыны күмәнсіз.

**Қылышбай БИСЕНОВ,
Қазақстан Республикасы
ҰҒА академигі,
Ұлттық құрылтай мүшесі**

ТӘУЕЛСІЗ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗДІК



Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауда «Партиялық емес байқау орталығының» 700-ден астам тәуелсіз байқаушысы жұмыс істеді. Олар 345 сайлау учаскесінде таңғы сағат 6-дан сайлау қорытындысы шыққанша екі ауысымда кезекпен бақылау жүргізді. Ал бұл дауыс беру тәртібінің әділ өтуіне ықпал етті.

Өздеріңізге белгілі, сайлау учаскелері штаттық режимде ашылды. Заң бұзушылықтар туралы ақпарат түскен жоқ. Негізгі міндет – объективтілік пен бейтараптық. Сондықтан біз ешқандай саяси күштердің немесе кандидаттардың мүддесін білдірмей, тәуелсіз мониторинг жүргіздік. Байқаушылардың көпшілігі тәжірибесі бар, білікті жандар. Олар сағат сайын штабқа ақпараттар беріп отырды. Бұл да тұрғындарды сайлау учаскелеріндегі жағдай мен сайлаудың барысы туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

**Жандос ТҰСМАҒАМБЕТОВ,
«Партиялық емес бақылау орталығы»
республикалық қоғамдық бірлестігі
Қызылорда филиалының төрағасы**

ПІКІР-ПАЙЫМ

Ел дамуына серпін береді



Биылғы ел өміріндегі маңызды саяси оқиға – кезектен тыс Президент сайлауы аяқталды. Еліміз өз таңдауын жасап, жолын айқындады. Бұл сайлаудың басты ерекшелігі – Конституциялық өзгерістер енгізілгеннен кейін, жаңа форматта өтуі. Оған сәйкес, Президент бір мерзімге жеті жылға ғана сайланады. Жалпы жеті жыл ұзақ уақыт. Енді еліміздің алдында осы уақыт ішінде билік пен бәсекелестіктің тұрақты ауысуын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Жетіжылдық мерзімнің басты артықшылығы – басталған реформаны түпкілікті аяқтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ саяси монополияны жоюға бағытталған. Бір тұлғаның көп жыл билікте отыруына, олигополияның, олигархияның қанат жаюына тосқауыл қояды. Сонымен қатар елдің тұрақтылығы мен бірлігіне басты кепіл болатын тетіктердің бірі.

Қаңтар оқиғасы халықты оятты. Қашан да сергек болуды ескертті. Халықтың күші бірлікте болатынына, қоғамдық институттардың, елдің саяси өміріне белсенді қатысудың маңыздылығына көз жеткізді. Бұл ретте сайлау елімізді күтіп тұрған өзгерістердің бастауы деуге болады.

Ең алдымен, қоғамның сайлауды әділ өткізуге деген сұранысы жоғары. Бұл сайлаудың тағы бір ерекшелігі – бюллетеньде «Барлығына қарсымын» деген бағананың пайда болуы. Барлық кандидаттарға қарсы дауыс беру арқылы да азаматтар өз таңдауын білдіре алды.

Өзгеріс сайлаушылардың белсенділігі бойынша қорытындыда да байқалады. Қорытынды есеп бойынша сайлаушылардың 70 пайызға жуығы қатысты. Бұл – жақсы көрсеткіш. Сондай-

ақ, 5 пайыздан астамы «барлығына қарсымын» деген дауыс берген. Бұл да дұрыс. Сайлаушылардың 50 пайыздан астамы келсе, сайлау өтті деп есептеледі. Сондықтан оны ұйымдастыру деңгейін де халықтың қатысу көрсеткішімен өлшемеу керек. Менің ойымша, халықтың қатысу деңгейі елдегі қазіргі жағдайды анық көрсетіп отыр. Нәтижені осылай бұрмалаусыз, ашық көрсеткен жөн. Сайлау – демократиялық мәдениеттің, электоралдық мәдениеттің, құқықтық сананың өсуінің көрсеткіші. Бұның барлығын еліміздегі демократиялық жаңа өзгерістердің қадамы ретінде түсінуге болады.

Жалпы, бұл сайлау – Қазақстанның даму жылынамасындағы тарихи сайлау. Үлкен өзгеріс, жаңа дәуірмен бетпе-бет келіп тұрмыз. Алда мемлекетіміздің саяси жүйесін жаңғырту, экономика мен халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру бағытында ауқымды міндеттер тұр. Сайлаудан кейін еліміздің дамуы ерекше серпін алады деп сенемін.

Мұрат БАКТІЯРҰЛЫ,
ҚР Парламенті
Сенатының депутаты

Саяси да, тарихи да мәні зор

Қазақ елі үшін, қазақ қоғамы үшін бұл сайлаудың саяси да, тарихи да маңызы зор. Ішкі, сыртқы күштердің алақуыын арбауы мен арандатуларына қарамастан, еліміздің барлық облыстарының халқы осы Президент сайлауында белсенділік танытты.



Сыр өңірінің қалың жұрты осы сайлауда тартынып қалмады. Бүгінгідей экономикалық күйзеліс пен геосаяси шиеленістердің өршіп тұрған уақытында халықтың саяси сауаты мен көзқарастылығы артқанын байқауға болады. Еліміздің саяси реформасындағы динамика мен өзгерістер Қазақ елінің де әлемдік үдерістері орнын айқындамақ.

Халықтың ұрпақ болашағы үшін қамы, ел мен жер үшін жауапкершілігі, әлемдік дағдарыс алдындағы қауқарсыз шарасыздығы Мемлекет басшысын таңдауда басты роль атқарғаны анық. Президент сайлауына түскен үміткерлерді көп жұрт лайықсыз деп танып, Орталық Сайлау комиссиясына кінә артқаны да орынды. Ал неге осы сайлауға лайықтылар түспеді деген сауалдың да қалың көпшілік арасында талқыға түскені орынды құбылыс.

Айтқұл
ШАЛҒЫНБАЕВА,
сарапшы-журналист

ЖАҢА КӨЗҚАРАСТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Президент сайлауына аудандар тұрғындары да әдеттегідей белсенді қатысты. Халық таңғы сағат 7:00-ден дауыс беруді бастады. Ел ертеңі үшін маңызды кезеңде осылайша жауапкершілік танытты.

АРАЛ. Ауданда 55 сайлау учаскесі жұмыс жасады, 45 837 сайлаушы тіркелген. Барлық сайлау учаскелерінде алғаш болып келген сайлаушыларға сыйлықтар табысталды. Мәселен, «Қосжар» ауылдық округіндегі №15 сайлау учаскесіне зейнеткер Лиза Болатова 100-ші дауыс беруші болып тіркелгендіктен, сыйлыққа ие болды. Арал қаласы М.Жарымбетов көшесінің тұрғыны Алпамыс Қалымбетов №50 сайлау учаскесінде 500-ші дауыс беруші болып тіркелді. Өз таңдауын жасаған оған да естелік сыйлық табысталды.

Дауыс беруге әкеспелік балықшылар белсенді атсалысты. Ауыл тұрғыны, балықшы Н.Орынбаев №33 сайлау учаскесінде таңдау жасады. Аралдың ақ алтынын өндірумен айналысатын «Аралтұз» АҚ жұмысшылары ұжым болып дауыс берді. Өндіріс орнындағы еңбеккерлер ел болашағы үшін маңызы зор саяси науқаннан қалыс қалмады.

«Қосаман» ауылында орналасқан «ҚазСуШар» ШЖҚ РМК «Арал» ҚСЖКБД филиалы «Арал-Сарбұлақ» топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің №1 Қосаман су көтеру насос станциясы ұжымы науқанда белсенділік танытты.

«Сексеуіл» кентінде осы күні ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі ұйымдастырылды. Кент тұрғындарына халық күнделікті тұтынатын азық-түлік өнімдері тиімді бағада ұсынылды. Жәрменкеде балық және ет, сүт, нан өнімдері саудаланды. Айтулы күні ұйымдастырылған шараға тұрғындар ризашылығын білдірді.

– Бүгінгі демалыс күні өзіндік ерекшелігімен өтуде. Таң азаман тұрып, Президент сайлауында дауыс бердім. Енді міне, жәрменкеден қажетті азық-түлігімді алып, қайтып барамын. Ұйымдастырушыларға рақмет. Еліміздің болашағы жарқын болсын, – деді кент тұрғыны Айсәуле Нағыметқызы.

ҚАЗАЛЫ. Мұнда кезектен тыс Президент сайлауы күні дүниеге келген сәбиге Сайлаубай есімі берілді. Сәби кешкі сағат 18:45 минут кеткенде дүниеге келді. Нәрстесінің салмағы 4020 грамм, бойы 51 см. Шәкен ауылының тұрғындары Рысбек Қоныс пен Әсем Жұмағали дүние есігін ашқан сәбидің есімін еліміз үшін маңызды күнге байланысты Сайлаубай деп атауды жөн деп шешкен.

Бақытқұл Әлішева басшылық жасайтын Қазалы ауданаралық ауруханасының ұжымы кезектен тыс Президент сайлауына біркісідей қатысты. Орталық аурухананың 1370 қызметкерінің барлығы да өз учаскелеріне барып, дауыс берді.

Қазалы қаласындағы №66 сайлау учаскесінде үшем Дариға, Әлия, Динара Шәкір дауыс беруге келді. Қазалы аграрлы-техникалық колледжінде орналасқан учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Арман Мусаев үшемге сый-сияпат тапсырды.



Қазалы ауданында сайлау учаскелері орналасқан ғимараттар стандартқа сәйкес пандустармен толық қамтылып, барлығы да бірінші кабатта. Аудан бойынша кресло-арбамен жүретін мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау учаскелеріне келуіне қолайлы жағдай жасау үшін 3 инвентаксиз қызмет көрсетті.

Осы күні Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген Ү.Түктібаев ауылының тұрғыны Жайнарұлы Толағай өз таңдауын жасады.

– Бүгін көппен бірге сайлауға келіп, еліміздің жарқын болашағы үшін, ауылымыздың өсіп-өркендеуі сондай-ақ, еліміздегі тұрақтылық пен бейбітшілік үшін дауыс бердім, – дейді жас сарбаз.

ҚАРМАҚШЫ. Аудан халқы таңғы сағат 7.00-ден дауыс беруді бастап кетті. Уақыттың ерте екеніне қарамастан, қариялар мен жастар тобы азаматтық парызын өтеуге асықты. Айта кетейік, ауданда 35 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Мұнда 51957 сайлаушы тіркелген.

Қазақстан Республикасының Президентін сайлау күні «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезеңінің жеңімпаздары Шамшатовтар мен Қартабаевтар отбасы және облыстық «Жас отау» байқауының жеңімпаздары Әмзевтер отбасы өз таңдауын жасап, дауыс берді.

Қармақшы ауданы Жосалы кенті №99 сайлау учаскесінде «Бауырсақ party» ұйымдастырылып, дауыс берушілерге ыстық шаймен бірге бауырсақ ұсынылды. Тату тірлікті, береке-бірлікті ту еткен кент тұрғындары сайлауда белсенділік танытты.

III Интернационал ауылындағы №106 учаскелік сайлау учаскесінде ауыл тұрғындары лег-легімен келіп, үлкен фойеде жайылған ақ дастархандағы ұлттық тағамдардан дәм татып, көтеріңкі көңіл-күймен өз таңдауларын жасады.

Байқоңырдағы «Бәйтерек» бірлескен кәсіпорнындағы қазақстандық ғарыш саласының мамандары да ел болашағы үшін сайлаудан сырт

қалмады. «Қуандария» ауылында орналасқан 20/19 «Қуандария» шекара бөлімінің әскери қызметшілері өз таңдауларын жасады.

ЖАЛАҒАШ. Ауданда 23 сайлау учаскесі бар, 20208 сайлаушы тіркелген. Осы күні алғаш дауыс берген, бірінші келген сайлаушыларға, туған күн иелеріне, ең қарт дауыс берушілерге, 100, 200, 500, 1000-шы дауыс берген азаматтарға, Халықаралық сәбилер күніне орай балаларымен келген сайлаушыларға естелік сыйлықтар табысталды.

Учаскелерде арнайы фотозона ұйымдастырылып, №128 сайлау учаскесінде кітап, колөнер жәрменкесі, жергілікті өнерпаздардың концерті болды. Қоғамдық көліктерде жолаушылардың тегін жүру мүмкіндіктері де қарастырылған.

Маңызды саяси науқанда 103 жастағы кейуана Бибайша Қайырбаева дауыс берді.

– Ұрпағымынң болашағы үшін өз таңдауымды жасадым, – дейді қария. Ардақты анаға ақ жаулық, иығына шапан жабылып, сый-сияпат көрсетілді. Бибайша Қайырбаева – тыл ардагері, 4 ұл, 4 қызын анасы. Немере-шөберелердің ардақты әжесі.

Сайлау күні жедел жәрдем фельдшері Нұржан Сәндібай ауысымнан кейін өз учаскесіне келіп, дауыс берді. «Мемлекетіміздің жақсы болғаны, дамығаны бәрімізге керек, біздің тілегіміз – елдің амандығы» дейді Нұржан.

Сайлау күні көкпаршы жігіттер де өз таңдауын жасауды парыз санайтынын айтып, бәсекеден бұрын сайлау учаскесіне келді. Дауыс берген соң, көтеріңкі көңіл-күймен көкпарға кірісті.

СЫРДАРІЯ. Тереңөзекте Ұлы Отан соғысының ардагері, 101 жастағы қарт Яхия Тасыров бірінші болып дауыс берді. Сырдариялық соғыс ардагері бірлікті ту етіп, елдің дамуына негіз болатын саяси науқанға әрбір азаматтың бейжай қарамау қажеттігін айтты. Қазыналы қарт өз таңдауын жасағаннан кейін ақ батасын берді.

«Шаған» ауылдық округіндегі №163 сайлау учаскесіне қарасты тұрғындар денсаулық жағдайына және өзге де себептерге байланысты дауыс беруге арналған жәшіктің мекен-жайға жеткізілуін өтінген. Жылжымалы дауыс беру жәшігі тиісті мекен-жайларға уақытылы жеткізілді.

Ауданда қоғамға пайдасын тигізуді көздейтін жас еріктілердің қатары артып келеді. Саяси науқанда ерікті жастар белсенділік танытты. Сырдария аудандық жастар ресурстық орталығы арқылы олар автоволонтерлыққа шақырылып, тізімі жасакталды. Осы

күні 15 автоволонтер жүріп-тұруы қиын кісілерді сайлау учаскесіне дейін апарып, одан кейін үйлеріне жеткізді.

Тереңөзек кентіне Абай облысынан қонаққа келген Жәнібек Абеев пен жұбайы Қадияша Абеева №156 сайлау учаскесінде дауыс берді. Аудан тұрғындарымен пікірлесіп, жергілікті халықтың ұйымшылдығын жоғары бағалады. Меймандарға тұрғындар құрмет көрсетіп, қонақжайлылық танытты.

ШИЕЛІ. Президент сайлауында шиеліліктер де белсенділік танытты. Ауданда 48 мың 402 сайлаушы болса, олардың дауыс беруі үшін 40 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Мәселен, Ы.Жақаев ауылындағы №278 сайлау учаскесіне азаматтар ерте келіп, саяси науқандағы белсенділіктерін көрсетті. Ал «Ақтоған» ауылында тұратын Сейтжановтар әулеті ерекше ықыласқа бөленді. Әбдімәлік ақсақал мен Бақтығұл ана 11 ұл-қыз тәрбиелеп өсірген. Бүгінде олар 10 келіннің ақылшысы атанып отыр. Осындай маңызды сәтте бірліктің үлгісін көрсеткен әулеттің келіндері сайлауға келіп, таңдау жасады.

Шиеліде Сәрсенбек Байжанов есімді соғыс ардагері бар. Қарт жауынгер жылжымалы жәшік арқылы үйден дауыс беру мүмкіндігіне ие болды.

– Ең бастысы, тыныш заман болсын, бейбітшілік пен тұрақтылығымыз арта берсін. Аспанымыз ашық, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын, – деді майдангер.

Байқасаныз, осы саяси науқанда шанырақ көтерген жас жұбайлардың ықпалы да көпті сүйсіндіргені рас. Бұл ретте «Жиделілер» ауылдық клубында орналасқан №299 сайлау үйіне енді ғана отау құрып жатқан Нұрқанат Сүлейменов пен Ақниет Қосымова таңдау жасай келді. Жас жұбайларға сыйлық тарту етілді.

Жалпы ауданда сайлаушылар үшін барлық қызмет түрі қарастырылған.

ЖАНАҚОРҒАН. Аудандағы №335 сайлау учаскесіне келіп, ел болашағы үшін өз таңдауларын жасағандар қатарында Қажымұқан Байдуллаулы мен Ақбөпе Мейрам бар. Жаңа отау құрған жастар бұл тарихи таңдау жасалып жатқан күн отбасы үшін де, Отан үшін де ерекше маңызды деп санайды.

– «Біз жаңа биіктерге, жаңа өзгерістерге ұмтылыс жасаған мемлекеттің алдында талай салтанат құратын жақсылығына сенеміз. Сондықтан, бүгінгі таңдау біз үшін айрықша маңызды әрі асқан жауапкершілікке толы. Бір жағынан бұл – біздің бақыт бастауымыз – дейді жас шанырақ иелері.

Өзге де аудандар секілді Жаңақорғанда да саяси науқан ерекше белсенділікпен танылды. Әдеттегідей, ауыл-ауылдағы қауым таң ертеден сайлау учаскелеріне келіп, таңдау жасады. Өрине, мұндай бірлікті, елдікті танытатын саяси науқанда ел ағаларының ықпалы ерек.

– Халқымыздың болашағы үшін әрбір азамат өз таңдауын жасап, сайлауға қатысып жатыр. Бұл – қуанышты күні. Осы саяси науқаннан кейін жақсылықтар жалғасын тауып, халықтың көңілі марқаятын кезеңге жетсек екен деп тілеймін. Өйткені Қазақстанда тұрып жатқан әрбір азамат бақытты болуға лайықты. Барша қазақстандықтарды осы жолда аянбай еңбек етуге шақырамын, – дейді ардагер-ұстаз Зинабид Шермұхаммедұлы.

«СБ» тілшілер тобы

Сайлаубай дүниеге келген күн

Сайлау күні облыста 43 сәби дүниеге келді. Нәрестелердің 27-сі ұл, 16-сы қыз бала. Халқымыз үшін саяси мәні бар маңызды күн болғандықтан, бұл күні туған балалар арасында ерекше есімдер көп болды.

Мәселен, қазалылық ұл баланың біріне ата-анасы Сайлаубай есімін берсе, Жалағаш ауданында бір сәбиді Мемле-

кет басшысының құрметіне Қасым-Жомарт деп атады. Бұл есімді атасы Жұматай Қорғанбаев саяси науқан күні

өмірге келген немересіне қойды.

– Елдің қамын ойлайтын, Қазақстанның жарқын болашағына жұмыс істейтін азамат болсын деп, есімін Қасым-Жомарт қойдым. Ал сайлауда кімге дауыс бергенім құпия болсын, – деді Ж.Қорғанбаев.

Нәрстесінің салмағы – 4 келі 400 грамм. Сәби мен анасының жағдайы жақсы.

Осылайша айтулы күні аймағымыз туу көрсеткіші мен есім беруден өзгелерден ерекшеленді. Балапандардың бауы берік болсын!

«СБ» ақпарат

ЖОБА

Қызылорда облыстық мәслихатының
жылғы _____ № _____ шешімімен бекітілген

Қызылорда облысында жылу маусымына дайындық және оны өткізу қағидалары

1. Жалпы ереже

- Осы Қызылорда облысында жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының “Электр энергетикасы туралы” 2004 жылғы 9 шілдедегі, “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” 2001 жылғы 23 қантардағы Заңдары негізінде әзірленген және жылу маусымына дайындық және оны өткізу тәртібін анықтайды.
- Қағидалар Қызылорда облысының жергілікті атқарушы органдары, тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешен ұйымдарының облыстан өндірістік, әлеуметтік, тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешен объектілерін жылу маусымына дайындау және оның өтуі кезеңінде тұрақты қызмет көрсетуін қамтамасыз ету бойынша қызметті үйлестіреді.
- Осы Қағидаларды:
 - облыстың жергілікті атқарушы органдары;
 - ведомстволық бағыныстылығы және меншік нысанына қарамастан, балансында, желел басқаруында, шаруашылық жүргізуі немесе жалдауында, қызмет көрсетуінде жылумен жабдықтау көздері, инженерлік құрылыстар, коммуникациялар және ғимараттар бар коммуналдық қызметтерді көрсетушілер мен тұтынушылар;
 - Қызылорда облысының тұрғын үй-коммуналдық және энергетикалық кешен объектілерін салу, монтаждау, реттеу және жөндеумен айналысатын құрылыс-монтаж, жөндеу және реттеуші ұйымдарымен орындауға міндетті.
 - Облыстың тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешеніне жататын ұйымдары мен мекемелері тұтынушыларды жылу, су, электр, газ, отынмен жабдықтау және су бұрммен тұрақты қамтамасыз етеді, сондай-ақ энергия тасығыштардың қажетті параметрлерін сақтайды және тұрғын үйлер мен ғимараттардағы нормативті температуралық режимді, олардың белгіленуі мен энергия тұтынуының төлемдік тәртібін ескере отырып қамтамасыз етеді.
 - Өз құзыреті шегінде Қызылорда облысында жылу маусымына дайындау және оны өткізуді жалпы үйлестіру, облыс әкімінің өкімімен бекітілген жылу маусымына дайындау мен оны өткізу жөніндегі облыстық штабымен жүзеге асырылады.
 - Қызылорда қаласы мен аудандарының жылу маусымына дайындық пен оны өткізуді үйлестіру, облыс әкімінің өкіміне сәйкес қала және аудан әкімдерімен бекітілген қалалық және аудандық штабтар (бұдан әрі – қалалық (аудандық) штаб) жүзеге асырады.
 - Алдағы жылу маусымында облыстың өңірлерінің инженерлік-энергетикалық кешен және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін қысқы жағдайларда жұмысқа дайындаудың жыл сайынғы жоспарымен (бұдан әрі – жылу маусымына дайындық жоспары) ұсыну тәртібі:
 - облыстың тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешеніне жататын кәсіпорындар жыл сайын, жылу маусымы аяқталғаннан кейін Қызылорда қаласы және аудандардың жергілікті атқарушы органдарына қаласы жылу маусымына дайындық жоспарларын ұсынады;
 - Қызылорда қаласы және аудандардың жергілікті атқарушы органдары ұсынылған жылу маусымына дайындық жоспарларын бірыңғай жоспарға біріктіреді;
 - Қызылорда қаласы және аудандардың жергілікті атқарушы органдары жылу маусымына дайындықтың бірыңғай жоспарларын жыл сайын 15 мамырға дейін “Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы” мемлекеттік мекемесіне жинақ үшін ұсынады.
 - Жылу маусымына дайындық жоспарларын орындау жөніндегі есептер мына тәртіпте ұсынылады:
 - тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешенге жататын кәсіпорындарымен Қызылорда қаласы және аудандардың жергілікті атқарушы органдарына – апта сайын дүйсенбі күні;
 - Қызылорда қаласы және аудандардың жергілікті атқарушы органдары өз өңірі бойынша жинақ есепті – “Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы” мемлекеттік мекемесіне апта сайын сейсенбі күні;
 - “Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы” мемлекеттік мекемесі облыс бойынша жинақ есепті – Қызылорда облысының әкімдігіне әр аптаның сәрсенбі күні ұсынады.
 - Жылу маусымына дайындық кезінде қосарланған жұмыстар орындалмағанда есепке:
 - орындалмау себептері көрсетілген анықтам;
 - ахуалды түзету бойынша қабылданып жатқан шарадар;
 - жұмыстарды орындаудың жаңа мерзімдері қоса беріледі.

2. Жылу маусымына дайындық

Жылу маусымы дайындығына:

- өткен жылу маусымында анықталған ақауларды талдау, анықталған ақаулар мен бұзушылықтарды жою бойынша іс-шараларды орындау;
- жылу маусымына дайындық жоспарларын әзірлеу;
- мердігер ұйымдарымен қаржыландыру және шарттар жасау, жөндеу және құрылыс-монтаж жұмыстарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешу;
- жылумен жабдықтау көздері және орталық жылу пункттерінде қажетті жөндеу жұмыстарын өткізу, оның ішінде қазандықтар, түтікшелер, құбырларды қарау және сынап білу;
- жылу желілері жұмысының жылуды беру және гидравликалық режимнің кестесін әзірлеу;
- инженерлік желілерде, соның ішінде жаңартумен, күрделі және ағымдағы жөндеулер, сынаулар және шаюмен байланысты жұмыстарды орындау;
- электр көздерінде, жылу көздерінде және инженерлік желілерде алдын ала қарау, жоспарлы жөндеулерді орындау;
- ғимараттарды (үйлерді) дайындау, ғимараттардың (үйлердің) ішіндегі инже-

- нерлік жүйелердің алдын ала қаралуы, жөндеуі және қондырғылардың ауыстырылуы бойынша жұмыстарды өткізу;
- энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінде технологиялық аппараттар және табиғи апат салдарын жою үшін негізгі және резервті отынның нормативтік қорларын, сондай-ақ материалдық-техникалық ресурстарының апатты қорларын құру;
- отын қоймаларын дайындау, қорлы отын шаруашылықтардың инженерлік жабдықтарының, отын дайындау, отын беру, коксы және күлдерді жою жүйелерінің, теміржол және автомобиль кіреберіс жолдарының, өртке қарсы шаруашылықтың жөндеуін орындау жатады.
- Пәтер иелерінің кооперативі, үй-жай иелерінің кооперативі, кондоминиум объектілерін басқару органдары:
 - жылумен жабдықтау бойынша қызметтер арқылы көрсетілетін үйішілік инженерлік желілер мен құрылыстар, пайдалану жауапкершілігі бөлігі шегінде ортақ үйлік жылу энергиясын есептеу құралдарының сақталуын, қауіпсіздігін, тиісті техникалық жағдайы мен пайдаланылуын қамтамасыз етеді;
 - ортақ үйлік қажеттілік үшін пайдаланылатын жылумен жабдықтау бойынша қызметтердің тиімді тұтынуымен қамтамасыз етеді, үйішілік инженерлік желілер мен құрылыстарда шығындарды болдырмайды;
 - жылумен жабдықтау бойынша қызметтерді көрсетушіге жылумен жабдықтау бойынша қызметтерді көрсетушімен орнатылған пломбалардың тұтастығының бұзылу жағдайлары туралы хабарлайды;
 - үйішілік инженерлік желілерде және құрылыстардағы зақымдарды өз күшімен жояды;
 - жергілікті атқарушы органдардың, энергия беруші (немесе энергия өндіруші) және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың қызметкерлеріне тәуліктің кез келген уақытында жылу желілерінің, жылуды тұтыну қондырғыларының және коммерциялық есептеу құралдарының техникалық жағдайын қарауға мүмкіндік береді;
 - үйішілік инженерлік желілер мен құрылыстарды тиісті техникалық күйде ұстау бойынша жөндеу және пайдалану жұмыстарын жүзеге асыру үшін үшінші тараптарды тартыды, сервистік қызмет субьектісімен шарттарды жасайды және орындауын бақылайды;
 - үй-жай (пәтер) иелерімен жиналыстар, жазбаша сауалдарды өткізуді ұйымдас-тырады;
 - барлық пәтер (үй-жай) иелері үшін барлық қол жетімді орындарда ақпарат тақталарында үй-жай, сондай-ақ ортақ мүлікке қызмет көрсету мен жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдар туралы, сондай-ақ жылумен жабдықтау бойынша қызметтерді көрсетуші ұйымдар (атауы, байланыс телефондары, апатты қызметтердің телефондары) туралы ақпараттың орналастырылуын қамтамасыз етеді;
 - кондоминиум объектісінің санитарлық-техникалық және инженерлік жабдықтардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды;
 - апатты жағдайлардың туындау жағдайларынан басқа, пәтер (үй-жай) иелерін инженерлік желілер жұмысы режимінің сөндірілуі, сыналуы немесе басқа да өзгерістері туралы екі тәулікке дейін хабарлайды.
 - Жылу желілерінің күзет аймағы шекарасындағы иеліктерінде осы желілер орналасқан ұйымдардың жазбаша рұқсатынсыз:
 - кез келген объектілер мен құрылыстарда құрылыс, монтаждау және жер жұмыстарын жүргізуге;
 - тиеу-түсіру жұмыстарын жүзеге асыруға, әртүрлі алаңдар, автомобиль көліктерінің тұрақтарын жасауға, әртүрлі материалдарды қаптауға;
 - қоршаулар мен шарбақтар салуға;
 - ұңғымалар мен шұрғатарды орнатуға байланысты іздегізру және басқа да жұмыстар жүргізуге;
 - жол немесе жер бетінен жалпы биіктігі 4,5 метрден жоғары жүгі бар немесе жүк-сіз машиналар мен механизмдердің өтуіне (өстақалдарда автожолдар астында) төселген жерүсті құбырларының астында) жол берілмейді.
 - Жылу желілерінің күзет аймақтарының теміржол және автомобиль жолдары тармақтарының алқаптарымен, басқа құбырлардың күзет аймақтарымен, байланыс, телекоммуникациялар желілерімен және басқа объектілерімен түсісуі кезінде түйісу аумақ учаскелерінде осы объектілерді пайдаланумен байланысты жұмыстарды өткізу мүдделі ұйымдармен олар арасында келісу бойынша жүзеге асырылады.
 - Жылу желілерінің және оның маңындағы күзет аймақтарындағы ұйымдар, заңды және жеке тұлғалар жылу желілеріне иелік етуші ұйымдардың қызметкерлерінің жылу желілерінің сақталуын және жазым жағдайларды алдын алуды қамтамасыз етуге бағытталған талаптарын орындайды.
 - Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік сала объектілерінде аппараттарды жою апатты жағдайларды жою тәртібіне сәйкес және жылумен жабдықтаушы, жылу беруші және жылу тұтынушы ұйымдар, жөндеу-құрылыс, көлік ұйымдары және басқа қызметтердің өзара іс-әрекет регламенті ескеріле отырып жүзеге асырылады.
 - Жылу желілерін пайдаланушы ұйымдар осы желілердің қорғау аймақтарында электр және жылу жүйелерін күзету қағидаларының талаптарына сәйкес жылу желілерін жөндеу үшін қажетті жұмыстарды жүргізеді.
 - Жылу желілеріндегі апаттардың алдын-ала немесе олардың салдарын жою бойынша жұмыстар жылдың кез келген уақытында жер пайдаланушының келісімісіз, бірақ осы жұмыстарды өткізу туралы ескерте отырып жүргізіледі.
 - Жаппар жұмыстарды орындағаннан кейін, иелігінде жылу желілері бар ұйымдар белгіленген максатта қолданылу үшін жер учаскелерін жарамды күйге келтіреді.
 - Жұмыстар аяқталғаннан кейін жөндеу жұмыстарын жүргізуші ұйым барлық механизмдерді, материалдарды, уақытша белгілерді, конустарды, тосқауылдарды алып тастайды, жол жабықын және жолдың инженерлік орналасуын қалпына келтіреді.
 - Жолдарда орындалған қалпына келтіру жұмыстарын қабылдау жол органдарымен мердігер ұйымының қатысуымен жүзеге асырылады және екі жақты актімен ресім-

- деледі.
- Жылу көздері мен жылу желілерін пайдалану және жөндеу жұмыстарын өткізу қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.
- Жылу көздері мен жылу желілерін жанарту және күрделі жөндеу жұмыстары жылытуаралық кезеңінде жергілікті атқарушы органдармен келісілген жұмыстарды жүргізу кестесі бойынша жүргізіледі. Бұл ретте ғимараттарды (тұрғын үйлерді) электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау және сумен жабдықтауды қамтамасыз ету бойынша жылу энергиясын пайдалануға арналған шарттың талаптарына сәйкес шаралар қабылданады.
- Жылумен жабдықтау көздерін және жылу желілерін жоспарлы жөндеу, сондай-ақ жылу желілерінің сынауларын өткізу жергілікті атқарушы органдармен келісілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады.
- Жылумен жабдықтау көздері мен орталық жылу пункттерінде жұмыстар мынадай мерзімдерде:
 - күзгі кезеңдегі жылу қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажеттілері – жыл сайын 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде;
 - жүктелімнің қысқы максимумын өту кезеңінде жылу қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажеттілері – жыл сайын 1 қазанға дейінгі мерзімде орындау ұсынылады.
- Жылумен жабдықтау көздерін қамтамасыз етуші электр, су құбырлары және газ коммуникацияларын жөндеу және алдын ала қарау жұмыстары 1 қыркүйекке дейін аяқтау ұсынылады.
- Отын қору шаруашылығын жоспарлы-ескертеп жөндеу жұмыстарын 1 қыркүйекке дейін аяқтау ұсынылады.
- Күзгі-қысқы кезеңде энергетикалық көздеріндегі отынның пайдалану қорының нормасы меншік нысанына қарамастан: жеткізуді 100 километрге дейін қашықтықта – 15 тәулікті; жеткізуді 100 километрден асатын қашықтықта – 30 тәулікті құрайды.
- Тұтынушы мен энергия беруші немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымдар арасындағы жылу пайдалану жүйелерінің күші мен қызмет көрсету жауапкершілігінің шегі олардың баланстық тиесілігі немесе келісім бойынша анықталады және жылумен жабдықтауға арналған шартқа қоса берілген тараптардың пайдалану жауапкершілігі актісінде тіркеледі.
- Жылу желілердің құбырлары пайдалануға енгізгенге дейін монтаждауы, күрделі жөндеуі мен жаңартылуынан кейін гидрорепневматикалық жууға, сығымдауға және дезинфекциялауға тартылады.
- Жылумен жабдықтау көздері, жылу пункттері, жылу желілері және жалпы жылумен жабдықтау ұйымдарының жылу маусымына дайындығы қалалық және аудандық штаб отырысында анықталады.
- Жылумен жабдықтау көздерінің дайындығы мына шарттар кезінде расталады:
 - негізгі және қосалқы жабдықтардың жоспарлы жөндеуін орындау;
 - жылу желілері мен жылу көздерінің есепті режимдегі жұмысқа дайындығы;
 - электрмен жабдықтаудың резервті көздерін сынау;
 - ғимараттар мен жұмыс орындарын жылу, жылылау және жарықтандыру бойынша барлық жұмыстарының аяқталуы;
 - сыртқы ауа температурасының төмен болуы жағдайында жабдықтардың, техно-логиялық сызбалардың және құрылыстардың зақымдалуының алдын алу бойынша іс-шараларды орындау;
 - релейлі қорғаныс және апатқа қарсы автоматика құрылғыларын тексеру жоспарларын орындау;
 - жұмыс орындарын оқытылған және аттестатталған қызметшілермен толықтырылуы;
 - жылумен жабдықтау көздеріне арналған жобасы сәйкес негізгі отын қорларын және резервті отын қорларын құру бойынша жоспарды орындау, резервті отын шаруашылығын жұмысқа дайындау бойынша кешенді жұмыстарды өткізу;
 - техникалық куәландыру және жабдықтарды сынау актісін алу;
 - жыл сайын 1 қазанға дейін күзгі-қысқы кезеңдегі кезекті жұмысқа объектілер мен жабдықтардың жылу маусымына әзірлік паспортын алу.
- Күзгі-қысқы жағдайларда жұмыс үшін әзірлік паспорттарын уақыттылы алмаған жағдайда, энергия өндіруші және энергия тасымалдаушы ұйымдар Қазақстан Республикасының “Әкімшілік құқық бұзушылық туралы” Кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.
- Салынған, тапсырыс берушілермен (тұтынушылармен) және жылумен жабдықтаушы ұйымдармен пайдалануға қабылданбаған қазандықтар, жылу желілері, жылу пункттері, сорғы станциялары, орталық жылу жүйелерін жылу маусымына дайындау және жаңа үйлерді ыстық сумен жабдықтауды құрылыс (мердігер) ұйымдары қамтамасыз етеді.
- Жылу маусымына тұтынушылардың инженерлік желілерін дайындау бойынша ұйымдастыру іс-шаралар тізбесіне мыналар жатады:
 - инженерлік желілерді пайдаланылуына жауапты тұлғаны тағайындау;
 - инженерлік желілерді пайдалануына жауапты тұлғаларды дайындау:энергиямен жабдықтау ұйымдары өкілінің міндетті түрде қатысуымен, инженерлік желілерді техникалық пайдалану ережелерін, инже-нерлік желілерді пайдалану кезінде техни-калық қауіпсіздік ережелерін оқыту және білімін тексеруді жүргізу;
 - техникалық құжаттаманың толық пакетін дайындау;
 - бақылау-өлшеу құралдарын және коммерциялық есептеу құралдарының тексеруін өткізу); жөртөле және шатыр жайыларының шегінде барлық жылумен жабдықтау және ыстық су құбырларының жылу оқшаулауын орындау;
 - кіреберістер мен жөртөлелердің сырт-қы есіктерін жөндеу;
 - шатырлардың мен жөртөлелердің те-резелерін жабу;
 - әр қабаттағы терезелерін қос шыны-лануын қалпына келтіру;
 - әр қабаттағы жылуды қалпына келтіру және жұмыстарға қосу;
 - тұрғындардың пәтерлерін жылынуын қамтамасыз етуі бойынша ұйымдастыру;
 - жылу пунктінгі үй-жайларын жөн-деуден өткізу; ақтау, сырлау, қажетті жарық-тандыруды және берік бекітілуін қамтамасыз ету;
 - сыртқы құбырлар мен арматуралар-

- дың жылу оқшаулағышын қалпына келтіру;
- жылу пайдаланушы қондырғылардың орнатылған барлық тиекті, реттеуші арматуралардың тексеруден және жөндеуден өткізу;
- техникалық термометрлерді тексеру, кейіннен техникалық майды құя отырып гильзаны тазарту;
- реттеу іс-шараларын өткізу;
- пломбыланған, тексерілген моно-метрлерді орнату;
- жылуды тұтыну жүйесінің элементтерін механикалық тазарту арқылы гидрорепневматикалық жуу және жылуды тұтыну жүйесінің барлық элементтерінің механикалық беріктігін және жылуды тұтыну жүйесінің гидравликалық тығыздығын (гидравликалық қысым) гидравликалық сынақтан өткізу белгіленген үлгі бойынша ақт жасалып, энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі;
- ғимараттардың (үйлердің) электр сымдарының оқшауларының кедергілерін тексеру;
- дроссельдік құрылғыларды орнату және тексеру нормативтік-техникалық құжаттамаға және алынған есептеулерге сәйкес энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі;
- жөртөлелді және шатырдағы жайлардағы барлық жылумен жабдықтау және ыстық су құбырларын гидрооқшаулауды орындау.
- Транзитпен инженерлі коммуникациялар өтетін жөртөле үй-жайларын жалға алушы немесе иесі пайдаланушы ұйымдар қызметкерлерінің инженерлік желілерді жөндеу жұмыстарын орындау және қызмет көрсету үшін еркін қол жеткізуін (апатты-қалпына келтіру жұмыстарын өндіру үшін тәуліктің кез-келген уақытында) қамтамасыз етеді.
- Жыл сайын 1 қазанға дейінгі мерзімде тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың қыс жағдайына дайындығы жылу маусымы басталғанға дейін рәсімделетін жылумен жабдықтаушы ұйымның объектілерінің әзірлігін тексеру актілері және үйлер мен үйіші жүйелерін көмтегіп және күзгі тексеру нәтижесі бойынша рәсімделген көп пәтерлі үйлерді тексеру актілері негізінде әзірлік паспорттармен расталады.
- Жұмыстар орындалғаннан кейін жылу тұтыну жүйесін қабылдау жылумен жабдықтаушы ұйыммен жүзеге асырылады және техникалық дайындық актісімен рәсімделеді. Техникалық дайындық актісі бойынша қабылданбаған жылу тұтыну жүйелері жылу маусымына дайындалмады деп есептеледі және қайтадан техникалық тексеруден өтуге жатады. Жылумен жабдықтаушы ұйыммен объектінің техникалық дайындық актісі рәсімделмесе, жылу тұтыну жүйесін қосуға жол берілмейді.
- Егер энергиямен жабдықтаушы және (немесе) энергия беруші ұйымдардың қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндігі болмаса, жылу энергиясын тұтынушыларын жылумен жабдықтау жүйелеріне қосуға жол берілмейді. Жылу энергиясын тұтынушы қасиеті және ұсыну режимі тұтынушымен жылу маусымына дайындық және энергиямен жабдықтаушы және (немесе) энергия беруші ұйымдармен берілген техникалық дайындық актісінің рәсімделуі және сараптама ұйымынан қорытындысын алу бойынша іс-шаралар кешенін орындау жағдайында, жо-спарлы жөндеу, апатты – қалпына келтіру жұмыстары жағдайын қоспағанда қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамамен бекітілген талаптарға сәйкес келеді.

3. Жылумен жабдықтау жүйесін байқап көру

- Жылу маусымының басталуына жылумен жабдықтау көздерін, жылу желілерінің дайындығын тексеру және жасы-рын ақауларды анықтау үшін жылумен жабдықтау жүйелерін байқап көру жүргізіледі.
- Жылу көздері қондырғыларын қосу және ғимараттарды (үйлерді) қосу мына тәртіпте жүргізіледі: Жылу көздері мен ғимараттардың қондырғыларын қосу үшін:
 - бірінші тәулікте: жылу көздерінде жылу жабдықтарының сызбасын жинақтау, жабдықтарды қайта іске қосу және байқап көру, бактарды-аккумуляторларды мүмкіндігінше барынша толтыру, жылу желілерін сумен толтыру және берілетін және қайтарымды құбыр қысымына қою және циркуляцияны орнату бойынша жұмыстар орындалады; үйішілік желілерде армату-раның іске қосу лентгейнде орнату, тара-тушы құбырлар мен жылумен жабдықтау жүйелерін сумен толтыру, сенімді бақылау-өлшеу құралдары мен реттегіштерінің бо-луын тексеру жөнінде жұмыстар жүргізіледі;
 - екінші тәуліктен бастап кестеге сәйкес қатан түрде ғимараттарды қосу жүргізіледі.
- Магистралды және таратушы жылу желілерін іске қосу және байқап көру іске қосу-жөндеу бригадасымен жүргізіледі.
- Іске қосуға дейін желінің іске қосылатын учаскесінде жабдықтарының жарамдылығы тексеріледі, сынау, шаю және қабылдау актілері қаралады.
- Байқап көру үрдісінде жылу желілері, жылумен жабдықтау көздері және тұтынушылар бойынша анықталған ескер-тулер жылу маусымының басына дейін жо-йылады.

4. Жылу режимі

- Жылумен жабдықтаушы ұйымдарға 1 қыркүйекке дейін Қызылорда қаласы және аудандардың жергілікті атқарушы органдарымен жылумен жабдықтау жүйе-лерін байқап көру, қосу кестелерін және гидравликалық және температуралық көрсеткіштердің есептік кестелерін әзірлеу және келтіріру ұсынылады. Жылу желілерінің құбырлары тұтынушыларға берілген кес-теге сәйкес бекітілген көрсеткішті жылу тасығышты (су және бу) беруді қамтамасыз етеді. Қосу кестелерінде тұтынушыларды қосудың мына кезектілігі сақталады:
 - бала, емдік және мектеп мекемелері, басқа оқу орындары;
 - тұрғын үйлер, қонақүйлер, жатақ-ханалар;
 - қоғамдық және тұрмыстық ғимараттар, театрлар, мәдениет үйлері, әкімшілік ғимараттар, өнеркәсіп кәсіпорындары және басқа ғимараттар. Бір уақытта толтырылатын үй-ішілік желілердің санын анықтау кезінде

- жылумен жабдықтау көздерінің шаруа-шылық ауыз сумен қамтылуын, су дайындау және сөндіру құрылғыларының өнімділігін ескеру қажет.
- Бес тәулік бойы сыртқы ауаның орташа температурасы +10°С және одан төмен немесе сыртқы ауа температурасының күрт төмендеуі туралы болжам болғанда қала (аудандар) әкімдері тиісті өкіммен жылу маусымының басталғандығын жариялайды.
- Барлық ғимараттарды (үйлерді) қос-қаннан кейін пайдаланушы ұйымдар жаб-дықтардың күйінін тексеруін және үйішілік жүйелердің бастапқы реттелуін өткізеді.
- Пайдалану үрдісінде анықталған жылумен жабдықтау көздерінің, жылу же-лілері мен үйішілік жүйелердің жұмысын-дағы кемшіліктер жылу маусымының басына дейін жойылады.
- Жылу маусымы кезінде жылумен жабдықтаушы ұйым жылу энергиясын беру және (немесе) тарату бойынша қызметтерді көрсетуге арналған шартқа сәйкес мынаны қамтамасыз етеді:
 - жылу энергиясын беру және (немесе) тарату бойынша қызметтерді барлық тұ-тынушылар үшін тең жағдайларды ұсыну;
 - жылу желілерінің баланстық тиесілігі бөлігіннің шекарасында Шартпен белгіленген жылу энергиясы көрсеткіштерін қолдайды;
 - тұтынушымен жылу энергиясын беру және (немесе) тарату бойынша қызметтерді көрсетуге шарт жасайды;
 - тұтынушыға Шарт талаптарымен анықталған тәртіпте және мерзімде тиісті сапада жылу энергиясын беру және (немесе) тарату бойынша қызметтерді көрсетеді.
- Жылу маусымы жарияланғаннан кейін:
 - хабарландыру сызбасы белгіленеді, облыстың тұрғын үй-коммуналдық және энергетикалық кешен объектілерінің жауап-ты қызметшілерінің кезекшілігі бекітіледі;
 - кәсіпорындарда апатты қалпына кел-тіру бригадалары дайындалады;
 - ғимаратты (үйді) пайдаланушы ұйым қызметкерімен ғимараттың жылу тасы-ғы жүйесі жұмысын және жылылау күйін кезеңмен тексеру және бақылау ұйымдас-тырылады;
 - жылумен жабдықтау көздерінде қордағы және апатты жабдықтардың жұ-мысы, негізгі және қордағы отынның, құ-ралдардың, материалдар мен қосалқы бөл-шектерінің болуы тексеріледі.
 - мамандандырылған ұйымдармен пай-далануға қабылданбаған, жаңа үйлердің жылу желілерін, орталық жылу пункттерін, сорғыларын, орталық жылу және ыстық сумен жабдықтау жүйелерін жылу маусы-мына дайындауды құрылыс ұйымдары қам-тамасыз етеді;
 - инженерлік коммуникацияларға барлық қажетті қосылулар тиісті жылдың 1 қазанына дейін орындалады. Жылу маусымы кезеңінде инженерлік коммуникацияларға қосылуға тыйым салынады.
- Жылу көздерінде және жылу желілерінде апатты жағдай жарияланса:
 - барлық тұрғын үй-коммуналдық және энергетикалық кешен объектілерінде күні-түні кезекшілік енгізіледі;
 - қала (аудан) әкімінің өкімі бойынша кәсіпорындар мен ұйымдарда апатты жағ-дайларда пайдалану үшін тетіктермен және материалдармен қамтамасыз етілген қо-сымша апатты-жаңғырту бригадалардың күшейтілген дайындығы енгізіледі.
- Күшейтілген және есептеуден тыс режимдері кезіндегі ғимаратты (үйді) пай-даланушы ұйымның қызметшілерінің қажетті іс-шаралары мен әрекеттері ұйым-дардың тиісті нұсқаулықтарында көрсетілуі тиіс.
- Жылу желілері зақымдалған аймақта орналасқан инженерлік желілер мен комму-никациялардың меншік иелері, телефонхат алғаннан кейін, жер жұмыстарын атқаруды келісу үшін өз өкілдерінің бір сағаттың ішінде шығуын қамтамасыз етеді.

5. Жылу маусымының аяқталуы және жылуаралық кезеңде ыстық сумен жабдықтауды қамтамасыз ету

- Бес тәулік бойы сыртқы ауаның орташа температурасы +10°С және одан жоғары немесе сыртқы ауа температурасы күрт көтерілуі туралы болжам болғанда қала (аудандар) әкімдері тиісті өкіммен жылу маусымының аяқталғандығын жариялайды.
- Жылу маусымы аяқталғаннан кейін ғимаратты (үйді) пайдаланушы ұйымдар орталық жылу жүйесін сөндіреді және ыстық сумен жабдықтау жүйелерінің жұмысын жазғы сызба бойынша қамтамасыз етеді.
- Жылуаралық кезеңде жылумен жабдықтаушы ұйымдар тұтынушыларды жылу көздері мен жылу желілерінің жабдық-тарының жұмысының бекітілген сызбасы бойынша ыстық сумен жабдықтаумен қам-тамасыз етеді. Тенгерімдік тиесілігі ше-карасына берілетін судың температурасы техникалық және санитарлық норма та-лаптарына жауап береді. Ыстық суды беруде жылумен жабдықтау көздерінде жылу желілерін, жабдықтарды жөндеу, элеваторы тораптарды, автоматтандырылған жылу пункттері мен үйішілік жүйелерді дайындау үшін қажетті уақытқа жергілікті атқарушы органдармен келісілген кестелермен бекітіл-ген мерзімнен асатын үзілістерге жол берілмейді.
- Жылу желілерін, жылу пункттерін және жылу тұтыну жүйелерін жөндеуді бір уақытта 1 қыркүйекке дейін жүргізу ұсынылады. Ыстық сумен жабдықтаудың тоқтатылуымен байланысты жөндеудің ұсы-нылатын мерзімі – 14 күн



ЖОБА

Қызылорда облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**
1. Күші жойылды деп танылсын:
1) «Қызылорда облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 16 қазандағы №365 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №6938 болып тіркелген);
2) «Қызылорда облысында жерлеудің және зират-

тарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 16 қазандағы №365 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 15 сәуірдегі №96 шешімі.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

Қызылорда облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**
1.Қоса берілген Қызылорда облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың

қағидасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

Қызылорда облыстық мәслихатының
20 __ жылғы «__» _____ № __ шешімімен бекітілген

Қызылорда облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жерлеудің және зираттарды күтіп-ұстау ісін ұйымдастырудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 1-16) тармақшасына сәйкес әзірленді және жерлеу мен зираттарды күтіп-ұстау ісін ұйымдастырудың тәртібін айқындайды.
Зират қорымдарын күтіп-ұстауға және пайдалануға, қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеуді және қайта жерлеуді ұйымдастыруға, сондай-ақ жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № ҚР ДСМ-81 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №24066 болып тіркелген) бекітілген «Зираттар мен жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен айқындалады.
2. Осы Үлгілік қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі (бұдан әрі – тіркеуші орган) – азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган.
2) жерлеу – санитариялық, табиғатты қорғау, қала құрылысы және өзге де қағидалар мен нормаларға қайшы келмейтін, марқұмның тілегіне, діни сеніміне, әдет-ғұрыптарға және салт-дәстүрлерге сәйкес қайтыс болған адамның денесін (сүйегін, мүрдесін) жерге (кабірге, табытқа) жерлеу немесе сүйегі (күлі) бар урнаны кабірге, лақатқа жерлеу арқылы отқа жағу (кремациялау) бойынша әдет-ғұрып әрекеттері;
3) зират – қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін (мүрдесірін) жерлеу орны;
4) зират қорымы – қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін (мүрдесірін) жерлеу үшін арнайы бөлінген аумақ;
5) зират қорымының әкімшілігі – зират қорымын ұстау және пайдалану жөніндегі ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

2-тарау. Жерлеудің және зираттарды күтіп-ұстау ісін ұйымдастырудың тәртібі

3. Жерлеудің және зираттарды күтіп-ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын (бұдан әрі – Аумақтық қағидалар) осы Үлгілік қағидаларға сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі әзірлейді.
4. Аумақтық қағидаларды әзірлеу кезінде елді мекендер аумағының, олардың құрылысының ерекшеліктері, сондай-ақ зираттарды күтіп-ұстау ісін ұйымдастыру, тарихи-мәдени мұра, діни мақсаттағы объектілер және табиғи ландшафты сақтау қажеттігі ескеріледі.
5. Аумақтық қағидалардың құрылымы:
1) жерлеу үшін орын бөлу тәртібі;
2) қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеу тәртібі;
3) зираттарды жобалау және салу тәртібі;
4) жерлеу орындарын абаттандыруды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстау тәртібі;
5) зиратқа арналған жер учаскелерін есепке алу және тіркеу тәртібі;
6) зират қорымдарын күтіп-ұстауға және оларға қызмет көрсетуге шарт жасау және оның талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін қамтиты.
6. Қызылорда қаласының, аудандардың әкімдіктері және аудандық маңызы бар қалалардың, кент, ауылдық округ әкімдерінің аппараты зират қорымы орналасқан және оларға арналған ортақ пайдаланудағы жерден елді мекеннің

қайтыс болған әрбір тұрғынын немесе осы елді мекенде қайтыс болған тұрғылықты жері белгісіз адамды жерлеу үшін кемінде алты шаршы метр жер учаскесін тегін бөледі.

Зират қорымының аумағы кабірлерге арналған қатарларға бөлінетін және автомобиль көлігіне арналған өтпе жолдармен және зират учаскелеріне өтетін жолдармен жайластырылатын учаскелерден тұрады.

Қызылорда облысының қала және аудан әкімдіктері зиратқа арналған жер учаскелерін есепке алу деректерін (мәліметтерін) жинақтауды және тіркеуді ұйымдастырады, сондай-ақ жерлеу жөніндегі істі ұйымдастыру туралы шарт талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады.

Қызылорда қаласының, аудандардың әкімдіктері және аудандық маңызы бар қалалардың, кент, ауылдық округ әкімдерінің аппараты зиратқа арналған жер учаскелерін есепке алу журналдарының негізінде есепке алуды және тіркеуді жүргізеді.

Қызылорда облысының қала және аудан әкімдіктері ресми интернет-ресурсында зират қорымының бос емес және бос учаскелері бойынша өзекті ақпаратты орналастырады.

7. Жерлеу зират қорымының әкімшілігіне қайтыс болуды тіркеуді жүзеге асыратын тіркеуші орган берген қайтыс болу туралы куәлікті және (немесе) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175-2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №21579 болып тіркелген) бекітілген №045/у нысаны бойынша қайтыс болу туралы медициналық куәлікті не «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы алынған қайтыс болу туралы хабарламаны ұсынғаннан кейін зират қорымының аумағында жүргізіледі.

8. Жерлеу зират қорымы әкімшілігі жүргізетін есепке алу журналында тіркеледі.

9. Есепке алу журналында мынадай мәліметтер қамтылады:
жерлеу жылы, айы, күні;
зираттың (кабірдің) нөмірі;
қайтыс болған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

туған және қайтыс болған күні; өлімнің себебі;
«Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы алынған қайтыс болу туралы куәліктің немесе хабарламаның нөмірі, күні және кімнің бергені;

марқұмның жақын туыстарының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні мен нөмірі, мекенжайы, туыстары болмаған жағдайда, жерлеуді жүргізген адамның мекенжайы не жерлеуді жүргізген ұйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы.

10. Жақын туыстарының, сондай-ақ жұбайының (зайыбының) жазбаша өтініші бойынша жергілікті атқарушы органға, қаладағы аудан әкімінің аппаратына қайтыс болған адаммен жақын туыстығын растайтын құжаттарды ұсынған кезде қайтыс болған адамды немесе оның сүйегін бұрын қайтыс болған жақын туысының жанында жерлеу көрсетілген жерлеу орнында бос жер учаскесі немесе бұрын қайтыс болған жақын туысының зираты болған кезде қамтамасыз етіледі.

11. Сот-медициналық зерттеуден кейін мәйітханада жүрген қайтыс болған адамдардың табылған мәйіттерін немесе олардың сүйектерін, суға кеткендерді, үйден тыс жерде кенеттен қайтыс болғандарды жерлеу рәсімін ұйымдастыруды өзіне алуы мүмкін туыстары немесе адамдар мен мекемелер болмаған кезде қайтыс болу фактісі тіркелгеннен кейін жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі.

12. Туыссыз адамдарды жерлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

13. Маңа жағдайлардан басқа

жағдайда, жұмыс істеп тұрған және жабық зират қорымдарында сүйектерді қайта жерлеуге жол берілмейді;

зират қорымын немесе оның учаскесін мерзімінен бұрын жою;
сүйектерді (мүрдесірін) Қазақстан Республикасының басқа жерлеріне немесе одан тыс жерлерге қайта жерлеу үшін жекелеген зираттардан тасымалдау кезіндегі жағдайларды қоспағанда, сүйектерді (мүрдесірін) жұмыс істеп тұрған және жабық зират қорымдарында қайта жерлеуге рұқсат етілмейді.

14. Кабірлерді жобалау және салу:
кабірлердің учаскелері арасындағы қашықтық ұзын жақтары бойынша кемінде 1 метрді, ал қысқа жақтары бойынша кемінде 0,5 метрді құрайды;

кабірдің тереңдігі топырақтың сипатына және топырақ асты суларының деңгейіне байланысты белгіленеді және жер бетінен табыттың қақпағына (бар болған жағдайда) дейін кемінде 1,5 метрді құрайды. Барлық жағдайларда кабірге арналған белгі жер асты суларының деңгейінен 0,5 метрге жоғары болады;

аса қауіпті инфекциялардан қайтыс болғандар үшін кабірдің тереңдігі 2 метр деңгейінде белгіленеді, бұл ретте түбіне кемінде 10 сантиметр қабатпен хлорлы әк салынады;

әрбір кабірдің жер бетінен 0,5 метрге биік үйімесі (бұдан әрі – кабір үсті төмпешігі) болады. Кабір үсті төмпешігі кабірді атмосфера суларынан қорғау үшін оның шеттерін жауып тұруы тиіс.

15. Жерлеу орындарын абаттандыру және оларды күтіп-ұстау:

Жерлеуге бөлінген учаскенің шекарасында:

табиғи тастан немесе бетоннан жасалған кабір үсті ескерткіштер мен құрылыстар, гүлзарлар мен орындықтар орнатуға;

кабір басында гүл, кейіннен қырқылып отырылатын сәндік бұтадан қоршау отырғызуға жол беріледі.

Зираттарды одан әрі күтіп-ұстауды жақын туысы тиісті тәртіппен қамтамасыз етеді.

Ескерткіштер мен құрылыстарды орналастыруға, үстелдерді, орындықтарды және құрылыстарды жерлеу учаскесінен тыс жерлерде орналастыруға жол берілмейді.

Зират қорымдарын (өтпе жолдар, соқпақтар, гүлбақтар, қоғалдар, көздік, электрлік және су құбыры желілері және құрылыстар) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті тәртіппен жергілікті атқарушы органдар күтіп-ұстайды.

16. Қызылорда облысының қала және аудан әкімдіктері мен зират қорымының әкімшілігі арасында зират қорымдарын күтіп-ұстауға және оларға қызмет көрсетуге шарт жасау мемлекеттік сатып алу туралы заңнамға сәйкес өткізілетін конкурстың қорытындысы бойынша уақытлы жүзеге асырылады.

17. Зират қорымының әкімшілігі мыналарды:

1) азаматтарға жерлеу қызметтерін көрсету тәртібі туралы, оның ішінде зират қорымы аумағындағы стелдерде ақпарат орналастыра отырып, толық ақпарат беруді;

2) қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеу үшін зираттарды уақытлы дайындауды;

3) жерлеу үшін әрбір жер учаскесін бөліп беруді белгіленген нормасын және зираттарды дайындау қағидаларын сақтауды;

4) ғимараттарды, инженерлік жабдықтарды, зират қорымының аумағын, қоршауды, жарықтандыруды жарамды күйде ұстауды;

5) жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарды және шаруашылық мақсаттағы басқа да учаскелерді жүйелі түрде жинауды, сумен жабдықтау желілеріне қызмет көрсетуді, зираттың бүкіл аумағындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстауды, жолдарды ағымдағы жөндеуді және қоқысты уақытлы шығаруды қоса алғанда, зираттарды күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың ұйымдастырылуын бақылауды;

6) азаматтарға жерлеу орнын күтіп-бағу үшін мүкәммалды жалға беруді;

7) жерлеу қызметтерінің өзге де субъектілеріне тең қолжетімділікті ұсынуды қамтамасыз етеді.

ЖАНЫ НҰРЛЫ, ЖАЙСАҢ ЕДІ

Жалағаш топырағының тумасы, есімі ел-жұртына етене таныс асыл азаматтың бірі, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиын кезеңде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлесін қосқан Балғабай Иماشұлы биыл 75 жасқа толар еді.



Фазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

1964 жылдары мектеп бітірушілер үшін туған жерде екі жыл өндірісте қалып, еңбек ету басты міндет болды. Қосмол комитетімен бірлесе отырып, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығына ауыл жастары қысы-жазы қолдан келгенше көмек беретін. Балғабай ағамыз да мектеп бітіргеннен кейін «Комсомол» совхозындағы тракторшылар дайындайтын курста оқып, ең алғаш трактор руліне отырып, жер жұрту, мал азығын дайындау сияқты шаруашылық жұмыстарына араласты. Ол уақытта жүгері дақыл көп егілетін. Өйткені жүгері сиыр сүтін молайтуға, қонын арттыруға ең қажетті азық болатын. Міне, осындай қайнаған еңбекке араласқан жас маман ауыл тіршілігінің қыр-сырына әбден қанықты.

Бұл уақытта «Жаңаталап» ауылын Алдаберген Бисенов басқаратын. Білікті басынның ізіне ерген Балғабай Иماشұлы 1965 жылы совхоз атынан берілген жолдамалар Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтына оқуға түсті. 1970 жылы оқуын жақсы бітіріп, туған жеріне келіп, еңбекке қайта араласты. Жырымдан енді асқан жас жігітке ауыл адамдары «Баала бастық» деп ат қойып, әзілдейтін.

– «Қарты бар үйдің – қазыны бар» дегендей, отбасымызда атамыздың анасы – үлкен әжеміз, атамыз және Бөкеннің анасы – кіші әжеміз болды. Бәкең – совхозда зоотехник, мен – балабақша меңгерушісімін. Ал сөзі дуалы, сүйегі асыл қазыналарымыз, яғни, ата-аналарымыз отбасының берекесі, балаларымыздың панасы, қамқоршысы еді. Бөкеннің қызметі көрші ауылға ауысқаннан кейін «Аққырға» қоныс аударуға тура келді. Үйдегі үлкен кісілер өз қолымен тұрғызған қара-шаңырақты қимай, «Екеуің барып қызмет істей беріңдер, біз ауылда отыра береміз» деді. Оның себебі де бар-тын. Бәкең екеуімз 2-курста оқып жүргенде отау құрғанбыз. Үйленгеннен кейін үш жыл бөлек жүргенімізді ескерген ата-анамыз тағы бөлектеуді құп көрмеген сыйайлы. Бірақ мен ол кісілерсіз ешқайда бармайтынымды айттым. Осыдан соң, ауылдан көшуге бел байладық. Әлі есімде, көлікке үйді тиіп болған соң, атамыз қонысын қимай көзіне жас алып тұр екен. Үлкен әжеміз машинаға мініп көрмеген кісі, түйеге текеметтен қоршау жасап алып барғанбыз. Елдегі ағайын-туыс «көш көлікті болсын, талаптарын оң болсын» түйеге текеметтен қоршау жасап алып барғанбыз. Елдегі ағайын-туыс «көш көлікті болсын, талаптарын оң болсын» түйеге текеметтен қоршау жасап алып барғанбыз. Елдегі ағайын-туыс «көш көлікті болсын, талаптарын оң болсын» түйеге текеметтен қоршау жасап алып барғанбыз. Елдегі ағайын-туыс «көш көлікті болсын, талаптарын оң болсын» түйеге текеметтен қоршау жасап алып барғанбыз.

Әлі есімде, 1989 жылы халқымыздың асыл азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргенов атамыздың 90 жылдығы болды. Жалағаш кентіндегі Садовая көшесіне Т.Жүргеновтің есімін беру жөнінде шешім қабылданды. Сол жылы Алматыдан арнайы келген Темірбек атамыздың жары Дәмеш әжемізге отбасымыздан дәм татқызып едік. Ол кісімен бірге Асқар Токпанов, Шолпан Байтұрсынова, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Мардан Байділдаев келін Райса Ермекова секілді есімдері Алашқа танымал азаматтар біздің шаңырақта болып еді.

Ол кезде аудан басшысы Биғали Каюпов, шаңырақ иесі Бөкен екеуі қонақтарға барыныша қызмет көрсетті. Елдің құрметіне риза болған Дәмеш әжеміз «Теміргеімінің ел-жұртына ризамын, оның ізін қуған жалынды, жігерлі, халқының қамын ойлаған осындай Рысқұл апамыз.

Иә, Балғабай Иماشевтың қызмет жолындағы өрлеу тұсы сол Қызылқұм қойнауындағы киелі мекен – «Аққыр» ауылынан бастау алған еді. Ал 1975 жылдары ауданды басқарған Сұлтан Амановтың ұсынуымен аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының орынбасары болып тағайындалды. Адал қызметі мен іскерлігінің арқасында өзіндік қарым-қабілетін таныта білген ол кейін «Коммунизм» совхозының партия комитетінің секретары, Жалағаш аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

1985-1988 жылдары ол «Жалағаш» совхозының директоры қызметіне тағайындалды. Әдеттегідей толассыз тіршілік, кезегін күтіп тұрған көп жұмыстар жүзеге асырыла бастады. Жаздың ыстығы, қыстың суығына қарамай, Қызыл мен қырдың арасында мал шаруашылығын дамытуға аянбай еңбек етті. Қойды жылына екі төлдету үшін жылы қоралар жасап, малдың жем-шөбін дайындап, төл алу нәтижесін жоғары деңгейге жеткізді. Совхозда облыстық семинар-кеңестер өткізіліп, мал бордақылап, ет өндірудің озат әдістері енгізілді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде совхоздың экономикалық жағдайы тұрақталып, табысы арта түсті. Мал шаруашылығымен бірге егін шаруашылығы да ілгері басты. «Бұқарбай батты» каналы қайта қазылып, халықтың бақша егуден айналысуына жағдай жасалды, көкөніс, дәнді дақылдар, малға жем-шөп дайындау жұмыстары қарқынды жүргізілді. Осындай қажырлы еңбегінің арқасында совхоз үш жылда облыстағы озат шаруашылықтардың қатарына қосылды. Осынау еңбегі облыс тарапынан бағаланып, Балғабай Иماشұлы аудандық совет атқару комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалды. Жаңа қызмет, жауапкершілік жүгі еселеп артты. Осы жерде тағы да Рысқұл апамыздың әңгімесіне кезек берсек:

– Әлі есімде, 1989 жылы халқымыздың асыл азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргенов атамыздың 90 жылдығы болды. Жалағаш кентіндегі Садовая көшесіне Т.Жүргеновтің есімін беру жөнінде шешім қабылданды. Сол жылы Алматыдан арнайы келген Темірбек атамыздың жары Дәмеш әжемізге отбасымыздан дәм татқызып едік. Ол кісімен бірге Асқар Токпанов, Шолпан Байтұрсынова, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Мардан Байділдаев келін Райса Ермекова секілді есімдері Алашқа танымал азаматтар біздің шаңырақта болып еді.

Ол кезде аудан басшысы Биғали Каюпов, шаңырақ иесі Бөкен екеуі қонақтарға барыныша қызмет көрсетті. Елдің құрметіне риза болған Дәмеш әжеміз «Теміргеімінің ел-жұртына ризамын, оның ізін қуған жалынды, жігерлі, халқының қамын ойлаған осындай Рысқұл апамыз.

деп дастархан басында батасын берген еді, – дейді апай.

Балғабай Иماشұлы ауданнан шалғай жатқан «Жаңадария» совхозын басқарған уақытында да талап деңгейіне сай жұмыстар ұйымдастыра білді. Жылына екі рет мал азығы дайындалып, мал басының өсуі, аман сақталуы қамтамасыз етілді. Бірақ көп ұзамай қоғам өзгеріп, нарықтық қатынасқа көшетін кез келді. Совхоз жекеңің қолына өтті, бірнеше ұжымға бөлініп, шағын қожалықтар пайда болып, шаруашылық тарады.

Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңі, 1995-2002 жылдар аралығында аудандағы жұмыспен қамту орталығының директоры қызметін атқарды. Иә, ол кез жаппай жекешелендіру, жұмыссыздықтың белең алған тұсы еді. Мемлекеттен алатын аз ғана жәрдемақыға күн көретін отбасылар көбейіп, халықтың жағдайы тым ауыр болды. Сол қиын кезеңде орталық басшысы ретінде осындай көптеген отбасылардың жәрдемақы алуына қолынан келгенше көмек берген еді. Жақсылығын көрген жандар әлі күнге дейін алғысын айтады.

Аудандық мәслихат хатшысы Кенжеғара Сүлейменовтың өмірінің соңына дейін қызметтес болып, мәслихаттың бас маманы қызметін атқарды. Иә, Балғабай ағамыздың бойынан азаматқа тән жақсы қасиеттердің барлығы табылатын. Кейінгі жылдары өмірден көргені мен түйгенін өлең, толғау, арнауларға арқау етіп, ақындық қырынан көрінді. Ол кісінің «Аққыр деген ауыл бар Қызылқұмда», «Балықшы қыз», «Қызылорда – құт мекені» атты толғауларын бүгінде белгілі жыршылар үлкен сахналарда орындап жүр. Алғашқылардың бірі болып, сахнаға жол тартқан туындысы композитор Ә.Молдағайыновтың әніне жазылған «Қызылорда – бақ таңым» атты өлеңі болатын. Сондай-ақ, Ұлттық арнаның «Сегіз қырлы, бір сырлы» атты бағдарламасында «Естілмеген бір ән» телехабарында «Сыр санылақтары» атты толғауы орындалып, Ұлттық арна қорында сақталып қалды.

Жан дүниесі көркем Балғабай Иماشұлының жыр әлеміне берері көп болатын. Алайда өлшеулі өмір оған мүмкіндік бермеді... Ол бітімді болмысымен үлкенге ілтипатты іні, жасы кішіге жанашыр аға, өз ортасына сыйлы жолдас, сенімді дос, ал отбасына, ағайын-туысына қара ормандай қабырғалы қорған бола білді. Саналы ғұмырында күш-жігерін кіндік кескен туған жерін түлетуге арнады. Адам деген ардақты атқа лайық мәнді де мазмұнды ғұмыр кешті.

Жайсаң азаматтың жұрт жадында қалған өрнекті өлеңі, сәулелі сөзі, сәтті айтылған қазақы қалжыңдары есте ұмытылар ма? Елге сіңірген еңбегінен бөлек, шығармашылық дейтін тылсым әлемнің тереңіне бойлаған оның рухты жырлары жүрек түкпірінде жасай берері хақ.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылым



ФОТОЭТЮД

ТАРИХИ
ТАҢДАУКүш атасын
танымас

Осыдан он жылдай бұрын «Жаңақұрылыс» елді мекеніндегі қайтыс болған құдағайымыздың жылдық асына барғанбыз. Алыс-жақыннан ат басын тіреген құда-жекжат, жақын-жуық, тума-туыстар үйге кіріп шығып, ас жабдығы дайын болам дегенше ауылдық жердің кең ауласының ішіндегі бұйырған орындарға жайғасып, бір-бірінен амандық-саулық сұрасып жатты. Бұрыннан байланысы жолға қойылғандар мен ауылдың адамдары, әркім өзінің оңтайына қолайлы, ыңғайына бейім, тақырыбына тамызығы сай келетін кісілермен сөз жарастыра бастады.



Қазан айының соңғы күндері болғасын, күннің көзі түсіп тұрса да, киімі жұқа адамның төзімін тауысатын өкпек жел бар. Біз ол жерден қыз алып отырған жаңа құда болғандықтан, ауыл адамдарын тани қоймадым. Бір жағынан Қазалы мен Жаңақұрылыстың арасындағы қара жолмен қажыңқырап жеткендігі ме, өзгелерден шеткерірек, онашалау отырғанды жөн көріп жайғаса берген едім, жаныма мен сияқты онашалықты жөн көргендей және бір кісі келіп жайғасты. Сырт келбеті ауылдық жердің адамына ұқсағанымен, түр-тұлғасы келісті, орта бойлыдан биіктеу, жауырынды, жасы шамамен жетпістерге жакындап қалса да, дене бітімі спортшыларға келінкірейтіндей. Жөн сұрастық, таныстық, Сексеуіл кентінің адамы екен, аты – Өмірбек, құданың бажасы болып шықты. Сөзінің сынайына қарағанда, шектен тыс енбеккер, оған қоса алып күштің иесі сияқты. Қол еңбегін қажет ететін әртүрлі шаруамен айналыса береді екен. Айтуына қарағанда, биылғы жазда басқа тірліктің арасында жүз мың кірпіш басып тастапты және онысын елеусіздеу қылып айта салды. Бес мың, он мың, жиырма мың десе, таңғалмас едім, ал енді басқа шаруаларын былай қойғанда және осы жастағы адам үшін жүз мың кірпіш баса салу сенімсіздеу көрінді. Бірақ, ішке кіріп шайға отырғасын Өмірбектің танитындардың ішінара айтқандары күдігімді сейілтті.

Сөзден сөз шығып, шай үстіндегі әңгіме арқауы Өмірбектің енбеккерлігіне тірелгенде, жас шамасы жетпістерді орталаған, әжімсіз, күмістей аппақ сақал-мұрты бар ақсақалдың айтқандары көпшіліктің көңілінен шықты.

– Ілгеріректе, – деді ол кісі, – көмір жинауға арналған қойма есебінде қарқастан әжептәуір көлемді қылып сарай салдық. Сыртын сылауға және үстіне лай құю үшін үлкендігі үйі орнындай қамба бөктірдік. Азанда жиналған жұмысшылар әркім ыңғайына қарай бірі сылауға, бірі зембілмен батпақ тасуға, енді бірі қамбаға түсуге келісті. Мына Өмірбек қамбаны илеп, батпақ тасуға арналған он төрт зембілге батпақ салып беріп тұруды міндетіне алды. Жұмыс қыза келе, Өмірбектің қимылынан ығыры шыққан батпақ тасушылар дым құрып отырып қалды. Олардың істеріне көңілі толмаған Өмірбек үлкендігі өзіне лайық, батпақ толтырылған екі шелекті екі қарына және екі шелекті екі қолына ұстап сарайдың төбесіне қарай тартылған траппен жүгіріп апарып беріп тұрды.

Ақсақалдың айтқанын мақұлдай отырып тағы бір кісі: – Ей батыр, сен ерегісте әлгі Батыс аймағына белгілі, халықаралық дәрежесі бар палуанды жыққаныңды айтшы, – деді.

– Ой, оны қайтесің, ол бір жай ғана күш сынасу болатын, – деп Өмірбек күлді де қойды. Тарқатып айтуды қаламады, соған қарағанда оның палуандығы да белгілі болса керек. Бір кісі тағы бір жағдайды баяндады:

– Қыстың күні мекемеге үш вагон көмір келді. Күн кешкіріп бара жатыр, ал түнгі жарық жоқ. Қауіпсіздікті ойлаған қойма менгерушісі көмірді түсіруді кейінге қалдырды, ал вагондарды кешіктіру – қыпқызыл ақша. Басекен қынжыла-қынжыла кетті. Айдың жарығы

әжептәуір болатын. Өмірбекке қақпаның, қойманың кілттерін беріп күзетуге қалдырды.

Танертең ертерек келген бастықтың жан дауысы шығады, вагондар бос тұр, көмір жоқ, қойма құлыптаулы.

– Көмір қайда? – деген бастықтың сұрағына Өмірбек: – Басеке, күзетшіге онсыз да ұйқы жоқ, ай жарық, ішім пыскасын ермек болсын деп вагондағы көмірді қоймаға жиып қойдым, кілтіңіз міне, – дейді.

Үш вагон, жүз елу тонна көмірді бір түнде... Қойманы ашып қараған бастық өз көзіне өзі сенбепті, көмір орнында. Осы оқиғаны айтып шыққан әңгімешінің сөзіне қарағанда, бастық тек таңғалғаны болмаса, Өмірбектің еңбегін бағалай қоймапты.

Елге есімі белгілі ерекше жандар қай кезде де болған. 1864 жылы орта шаруа Баймырзаның отбасында ұл бала дүниеге келеді. Ұлды болғанда қуанбаған қазақты кім көрген?! Шама-шарқынша ауыл-аймақты шақырып, той жасаған Баймырза баласына Нұрмағамбет деп ат қояды. Қайратты, асқан күш-қуаттың иесі болып өскен Нұрмағамбет жасөспірім кезінде қатарлары тұрмақ, өзінен әлдеқайда үлкен жігіттерді күреске кетсе алып ұрып жыққан. Жігіт кезінде Жаратқанның берген күш-қуатымен жұртшылықты қайран қалдыратын талай кереметтерді жасаған.

Нұрмағамбеттің Балуан Шолақ атануы жайлы мынадай әңгіме бар. Асқан байлығымен елге белгілі паң Нұрмағамбет есімді бай бір жәрменкеде қарсыластарын шыдатпай қирата жеңген балуан жігітке риза болып «есімің кім?» деп сұрайды. Атының

Нұрмағамбет екенін естігенде, бір қолының саусақтарының молақ екенін көріп, «өзің балуан екенсің, өзің шолақ екенсің, бүгіннен бастап атың Балуан Шолақ болсын» деп батасын беріпті. Бала кезінде саусақтарын өсітіп алған Нұрмағамбет осылайша Балуан Шолақ атанған.

Омбы қаласында патша мұрагерінің келу құрметіне өткізілген мерекеде орыстың атақты Севр балуанымен белдесіп оңай жығады. Осы тойда Балуан Шолақ 51 пұт, яғни 816 келі кірдің тасын көтеріп, елді таңғалдырған. 49 жасында «Қоянды» жәрменкесінде орыстың белгілі балуаны Каронмен күш сынасып, оның қабырғасын сындырады. «Орыстың Карон деген балуанының, Қабырғасын қираттым жалғыз қолмен» деген өлең жолдары осы оқиғаға байланысты туса керек. Ал асқан әншілігі өз алдына белек әңгіме. 55 жылдық қысқа ғұмырында Балуан Шолақ өзін жан-жақты көрсетіп үлгерген.

Қай заманда да елге белгілі де, белгісіз, Жаратушы ерекше жаратқан жандар аз болмаған. Жоғарыда аты аталған Өмірбек ағаның да сондай адамдардың қатарынан орын алып, ел аузына ілігуі әбден мүмкін бе еді? Көзқаракты жандардың назарына ілінбей, бір қайнауы ішінде қалыпты. Жалпы өнерге, білімге бейімі бар, ерекше қабілет, күш-қуат иелерін ақпарат құралдары арқылы кеңінен насихаттаса, оның бағыты айқындалар еді, қазақтың атын да шығарып, абыройын да көтеріп, алтынның да көбейтуге септігін тигізер еді.

Әлімжан ҚИЯС.
Қазалы ауданы,
Өйтеке би кенті

КАТАР-2022:
АЛҒАШҚЫ ОЙЫН 0:2

Жұмыр жердегі ала-доп сиқырына арбалған жанкүйерлер асыға күткен Катардағы футбол тоы 20 қарашада жа-лауын желбіретті. Салтанатты шара аталған мемлекеттің тарихы мен мәдениетін бейнелейтін театрландырылған көрініспен басталды әрі жарты сағаттан астам уақытқа созылды.

Бұл чемпионаттың ерекшелігі – алғаш рет жаз мезгілінде емес, күзгі және қысқы уақытта өткізіліп жатыр. Сондай-ақ, биылғы Әлем чемпионатында соңғы мәрте 32 құрама сынға түседі. Содан кейін доп додасында ол 48 құрамаға ұлғаймақ.

Алаң иелері – Катар құрамасы аталған турнирдің финалдық сатысына тұңғыш мәрте қатысып отыр. Эквадор дүбірлі додаға үшінші мәрте келді. 2002, 2014 жылдарда топтық кезеңнен аса алған жоқ. Ал 2006 жылы 1/8 финалға дейін жетті.

Екі құрама бұған дейін үш мәрте кездескен еді. 1996 жылы алғашқы ойында 1:1 есебі тіркелсе, тағы бір кездесу



экваторлықтар басымдығымен 2:1 есебімен аяқталды. Ал 2019 жылдың 12 қазанында Эквадор тағы бір мәрте 4:3 есебімен басым түсті.

Кездесу барысында итальяндық Даниэле Орсато бас төреші қызметін атқарды. Бұл мәрте 46 жастағы арбитрге Әлем чемпионатында бас төреші ретінде тұңғыш мәрте жүктеліп отыр. Ол 2018 жылғы Әлем

чемпионатында VAR бойынша төрешінің көмекшісі болды.

Ойын барысында қатарлық құрамаға тәжірибе жетіспегені байқалды. Кездесудің алғашқы минутынан экваторлық футболшылар алға қарай ұмтылды. Осылай сәттердің бірінде Энвер Валенсия 3-минутта қақпаны дәл көздеген еді. Алайда аталған гол ойын тәртібінің бұзылуына байланысты саналған жоқ. Ол

16-минутта пенальтиден есеп ашты. Бұл – биылғы Әлем чемпионатында соғылған алғашқы гол. 31-минутта есепті үстемелей түсті.

Екінші кезеңде алаң иелері таразы басын теңестіруге ұмтылды. Алайда, дигтеген мақсатына жете алған жоқ. Осылайша Катар футболшылары қарсыласына 0:2 есебімен есе жіберді.